

ПРЕЗИДЕНТ ГЕРМАНИЯҒА БАРАДЫ

28-29 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Германия Федеративтік Республикасына ресми сапармен барады, — деп хабарлады Ақорда.

Президент Берлинде Федералдық канцлер Олаф Шольцпен және президент Франк-Вальтер Штайнмайермен келіссөз жүргізеді. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Орталық Азия және Германия мемлекеттері басшыларының кездесуіне қатысады деп жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық Berlin Global Dialogue форумында сөз сөйлейді және Германияның іскерлік қоғамдастығы өкілдерімен бірқатар кездесу өткізеді.



ШЫҰ ЖАСТАРЫ – ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАРШЫСЫ

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Шанхай ынтымақтастық ұйымы Жастар кеңесінің қолдауымен «Жастар кеңістігі: Әділетті өлем және келісім» халықаралық жастар саяси лагерінің жұмысына қатысты. Жобаны «АМАНАТ» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастыруда.

3»

Еділ ЖАҢБЫРШИН, Мәжіліс депутаты:

ЭНЕРГЕТИКА ДАМЫМАЙ, ЭКОНОМИКА ӨРКЕНДЕМЕЙДІ

Президенттің соңғы Жолдауындағы «Реформаның басты мақсаты – экономикамыздың тұрақты өсімін 6-7 пайызға жеткізу және 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 2 есеге ұлғайту, яғни 450 миллиард долларға жеткізу» деген ең маңызды тезісі болды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы энергетика саласында тың инновациялық жобаларды қолға алуды талап етіп отыр.

4»



ҚАЗАҚ ҚОЙЛАРЫНЫҢ ТҰҚЫМЫ ТҰЗДАЙ ҚҰРЫП КЕТПЕСІН...



7
БЕТ

АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ БАСТАЛДЫ



16
БЕТ

МАНДЕЛА ЭФФЕКТИСІ: ЖАДЫМЫЗДАҒЫ ЖАЛҒАН ЖАЗБАЛАР

Адам өзінің есте сақтау қабілетіне нақты сенімді бола ала ма? Адам жады жалған естеліктерді сақтап қалуы мүмкін бе? Мәселен, сіз бұрын талай рет қайталап оқыған кітабыңызды тағы да парақтап отырсыз. Үгір-нүктесіне дейін жатқа білетін кітап мазмұнындағы әлдебір кейіпкердің сөзі сізге қанат бітірген еді.

4»



БҰҰ-НЫ РЕФОРМАЛАУ МҮМКІН БЕ?

Ресей қаласа, Біріккен Ұлттар ұйымы реформаланады, қаламаса, реформаланбайды. Бұл – көршінің пропагандасы емес, халықаралық сарапшылардың байламы. Себебі парадоксты жағдай қалыптасты. Ұйым жарғысында жазылғандай, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті ұстап тұруға жауапты басты құрылым. Алайда оның тұрақты 5 мүшесінің бірі – көршісін 1,5 жылдан бері қанға бөгіп жатқан агрессор. Ол БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі беретін veto қою құқығын пайдаланып, жаһандық ұйымды реформалауды бұғаттап тастап отыр.

КЕМСІТУГЕ БЕЙІМ ҰЙЫМ

Бүгінде БҰҰ-ға 193 тәуелсіз мемлекет мүше. Бүкіләлемдік ортақ ұйымға соңғы рет 2011 жылғы 14 шілдеде 193 нөмірмен Оңтүстік Судан мүше болып кірді. Содан бері ол ешкімді қабылдамай қойды.

Тіпті, батыстық сарапшылар да БҰҰ мүшелікке қабылдамай отырған азат елдердің көбі мұсылман дінін ұстанатынына назар аудартады. Бұған бір жағынан, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты бес

мемлекетінің біре-бірі Ислам әлеміне жатпайтыны да себеп болуы мүмкін.

Мысалы, сонау 1988 жылы тәуелсіздігін жариялаған Палестинаны тарихи шекараларында БҰҰ-ның 193 мемлекетінің 138-і мойындады. Ұйым оны өз мүшелерінің қатарына қабылдамай келеді. 2008 жылы егемендігін бекемдеген мұсылмандық Косовоны БҰҰ-ның 101 мемлекеті мойындады. Ұйым илігер емес.

(Жалғасы 11-бетте)

ИЕҢ ҚАЙДА, АҚБОЗ АТ?

(ТОРТАЙЛАР МЕН ТҮЛПАРЛАР НЕМЕСЕ ОРАЛХАНФА ОРАЛУ)

Оралхан Бөкейдің әр кейіпкері – өз алдына бір әлем. Ойлы оқырманның миына әбден шегеленіп қалған ғажайып әрі пердесіз персонаждың біреуі – Тортай. Иә, сол кәдімгі Тортай. Орағанның жұрт жаппай оқыған «Тортай мінер ақбоз ат» атты әйгілі әңгімесінің бас кейіпкері. Салықсалғанның иығына қонған аядай ауылдың перзенті. Өзі тұлдыр жетім. Жүас. Жасқаншақ. Оның үстіне, құлағының қақасы бар.

8»



КҮРМЕУІ КӨП «КҮНДЕЛІК»

Әлем электронды күнделікті 1975 жылдан бастап қолдана да, біздің елге бұл жүйенің келгеніне 7 жыл болды. Кем-кетігі де баршылық. Әсіресе, ұстаздар қауымы электронды күнделіктің тиімсіз екенін, жүйедегі жарнамадан көз сүрінетінін айтып, шағымданудан шаршаған емес. Тіпті, биыл Ақтөбе облысы «Күнделік» электронды журналынан бас тартты. Онлайн журнал төңірегінде пікірталас неге толастамайды? «Күнделікке» балама отандық платформа бар ма?

ЖҮЙЕДЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САҚТАЛМАҒАН

Жақында Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Ерлан Сайыров мектеп оқушыларына арналған «Күнделік» жүйесінің олқылықтарын Парламент төрінде көтерді. Бұл жөнінде депутат Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсеноваға, Бас Прокурор Берік Асылықова сауал жолдады.

— Электронды қызмет көрсете алатын бір емес, бірнеше отандық компанияның болуына қарамастан, сарапшылардың айтуынша, сол кездегі заманың қонышынан басқан топтардың қысымымен құзырлы орган 4 миллион қазақстандық оқушының жеке мәліметтерін жинау, сақтау және өңдеу қызметін ешқандай іріктеу мен байқаусыз, шетелдік компанияға 12 жылға беріп жіберген. Нәтижесінде, бұл салада шетелден басқарылатын қолдан жасалған монополия пайда болды, — делі Ерлан Сайыров.



Оның айтуынша, сыртқы монополия күшімен Қазақстанның барлық балалары, мұғалімдері мен ата-аналары жалпы саны 7 миллион адам мемлекет пайдалануға міндеттеген «Күнделіктен» күнделікті жағымсыз жарнама көруге мәжбүр.

— Соның ішінде этика мен ұлттық дәстүрге жат, сананы ұлайтын, жалаңаштанған, нәпсі мен ойынның жарнамасы көп. Бұл жөнінде ақпарат құралдары үнемі дабыл қағуда. Мектеп оқушылары жағымсыз жарнама қарауға

міндеттеп, сол арқылы шетелдік монополияны байытуға жол берген заң немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік әлемнің бірде-бір елінде жоқ. Бұл аз болғандай, «Күнделік» жүйесі «Ұлттық ақпараттық технологиялар» атты мемлекеттік мекеменің серверлерін пайдаланады және ол үшін Оқу-ағарту министрлігі жыл сайын 800 млн теңге қаржы төлейді деген ақпаратты Бас прокуратура тексеруі қажет, — делі депутат.

(Жалғасы 6-бетте)





АЗАМАТТАРДЫҢ ПІКІРІН ЕСКЕРУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда депутаттар қоғамдық бақылау мәселелеріне қатысты заңдарды қарап, мақұлдады.

Отырыс барысында сенаторлар «Қоғамдық бақылау туралы» және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды қарап, мақұлдады. Бұл құжаттарда қоғамдық бақылау үлгілері, оның нәтижелері және қатысушылардың құқықтары мен міндеттері айқындалған.

Сенат Төрағасы мақұлдаған заңдар Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленгенін атап өтті. Заң нормаларына сәйкес, ел өміріне қоғамдық қатысудың қосымша тетігі ретінде петиция институты енгізілді. Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев петициялардың заңдылығы азаматтарға өздерінің қажеттіліктері мен бастамаларын уәкілетті органдарға жеткізуге мүмкіндік беретінін тілге тиек етті.

«Бұл заңдар мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың қоғам алдындағы ашықтығын және есептілігін қамтамасыз етуді көздейді. Азаматтардың мемлекеттік процестерге қатысты пікір білдірудің қосымша тетігі ретінде петиция институты енгізіліп отыр. Мұндай нормалар маңызды шешімдер қабылданған кезде азаматтардың

пікірін барынша ескеруге мүмкіндік береді. Мақұлданған заңдар алдағы уақытта қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін арттырып, еліміздің дамуына оң ықпалын тигізеді деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Палата отырысында сенаторлар депутаттық сауалдарын да жолдады.

Әсем Рахметова Солтүстік Қазақстан облысындағы ауысу сапасы мен инфрақұрылым мәселесіне алаңдаушылық білдірді.

Мұрат Қалдырбек Үкіметті Түркістан облысы мен Түркістан қаласындағы суармалы жерлерді сумен қамтамасыз етуге байланысты жобаларды қаржыландыруды қайта қолға алуға шақырды. Сенатор өңірдегі өзекті мәселенің тағы бір шешімі ретінде су қоймаларын салуды ұсынды.

Амангелді Толамисов Жетісу облысындағы Ақши және Көктұма ауылдарында туризмнің қарқынды дамуына байланысты туындап отырған электр энергиясының тапшылығына назар аударды. Осыған байланысты депутат жоғары вольтты электр беру желілері мен қосалқы стансалар салу қажеттігін атап өтті.

Бекболат Орынбеков Жамбыл облысында жергілікті тұрғындар үшін маңызы зор бірқатар инфрақұрылымдық жобаны іске асыру жолындағы кедергілерге тоқталды.

Бибігүл Жексенбай медицина қызметкерлерін әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін көтеріп, сауал жолдады.

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЗАҢ ЖОБАСЫ



Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Жалпы отырыста депутаттарға ақпараттық қауіпсіздік мәселелері туралы заң жобасын талқылау ұсынылады. Бұл заң жобасы Мәжіліс депутаттарының бастамасымен әзірленген. Құжат дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды енгізуге, «дербес деректердің қауіпсіздігін бұзу» ұғымын анықтауға және жеке басын қуаландыратын

құжаттардың қағаз көшірмелерін жинауға және өңдеуге тыйым салуды белгілеуге бағытталған. Заң жобасы 12 заңнамалық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Депутаттар алдағы жалпы отырыста Қазақстан мен Кипр арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы заң жобасын қарайтын болады.

Сонымен қатар Бюро отырысында «Халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту және қаржылық сауаттылықты арттыру туралы» мәселесі бойынша парламенттік тыңдау өткізу жөнінде мәселе қаралды.

АШУЛЫ НАУҚАС СОҚҚЫҒА ЖЫҚҚАН

Әлеуметтік желіде тараған видеода жедел жәрдемнің дәрігерлері науқасқа көмектесіп жатқаны таспаланған.

Ашулы науқас дәрігерге тап береді. Науқастың туыстары видеоға түсіріп тұр. Шымкент қалалық Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше,

оқыс жағдай 20 қыркүйекте Гипербарикалық оттегі орталығында болған. Туыстарының айтуынша, науқас улы сұйықтық ішкен. Дәрігерлер науқасты тексерген. Ашулы науқас дәрігерлерге бағынбаған.

«Науқас медицина көмегіне қарсылық көрсетіп, дәрігерлерге күш көрсеткен. Осы факті туралы полицияға ақпарат берілді», — деді басқарма өкілі.

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ СЫЙЛЫ ЖАН



«AMANAT» партиясы «Еңбек адамы» мәртебесін қалыптастыруға айрықша назар аударып келеді. Бұл өз кезегінде еңбек құндылығын қалыптастыратыны анық. Біздің бүгінгі кейіпкерлер де еңбектің қадірін білетін жандар.

Элмира Мағзомова — қарапайым ғана ауылдың келіні. Бірақ Эльмираға ауылға бой үйрету оңай болған жоқ. Себебі ол — қаланың қызы. Өмір бойына қалада тұрып, қалада оқыған қыз бір күнде сүйген жарының жетегіне еріп, ауылдан бір-ақ шыққан.

Біздің кейіпкеріміз көпбалалы ана. Жолдасы екеуі қырда мал ұстап отыр. Олар — 1997 жылы атақәсіпті серік етіп, қожалық ашқан ата-анасының кәсібін жалғап отырған жастар. Қаланың пысық

қызы қазір ауылдың нағыз қаһарман келініне айналды. Олай дейтініміз — Эльмира нағыз шаруа келін. Қазір облыста майы мен құрты, сүт өнімдері үлкен сұранысқа ие. Біздің облысты қойғанда сонау Алматы, Астана, Атырау, Ақтау, Шымкенттен өнімдеріне тапсырыс түседі.

«Мен өз өнімдерімізді сатуға шығарамын. Таза, адал еңбек. Қолдың майы, құрт, ірімшік, сүт, қаймақ секілді таза экологиялық өнімдерді қалаға апарып сатамын. Алдын ала тапсырыс беретіндерді бірінші жеткізіп тастаймын. Жолдасым екеуміз мандай термен, адал еңбекпен ұстап отырған малымыз. Соның еті мен сүтін саудалап, қажетімізге жаратамыз», — дейді шаруа келін.

Эльмира — нағыз еңбек адамы. Қырда мал ұстап, оның өнімін пұл етіп,

бала-шағасын бағып отыр. Таңғы бесте тұрып 10 сиыр сауады. Жолдасына еріп жылқы ұстасады. Өзі де аттың құлағында ойнайды.

Ол жай ғана еңбек адамы емес. Ол қазір трендтен қалмай, блог жүргізіп жүр. Үйіндегілер оны «блогер келін» деп атайды.

Эльмираның парақшасы қазір өте танымал. Instagram парақшасында ауылдың өмірін еш қоспасыз, боямасыз береді. Таңда сиыр сауғанын, сүт тартқанын, май шайқағанын, бәрін салып, қырдың өмірін насихаттап жүр. Парақшасын оқыған әр адам мал бағудың оңай тірлік еместігін түсінеді.

Біздің кейіпкеріміз «бастысы — адал еңбек пен келген нәпақа артық, біз жолдасымыз екеуміз де өте шаруа адамдармыз», — дейді.



Ал батысқазақстандық Даниял Мырзахалиев — қарапайым ағаш шебері. Ол қазір Орал қаласындағы «Өз бетінше тұруды сүйемелдеу» әлеуметтік орталығында жұмыс істейді. Қызметіне адал, еңбеккер Даниял Мырзахметов екі қыз тәрбиелеп, құтты орнына қондырған ардақты әке. Қазір жұбайы екеуі балалардың қызығын қызықтап жүрген қарапайым отбасылардың бірі.

«Біздің орталық әлеуметтік мекеме ғой. Қызмет алушыларымыз әртүрлі. Даниял аға солардың бәрінің көнілін табады. Еңбек нұсқаушысы болып қызмет атқаратын ағамыз жастарды еңбекке баулып жүр. Даниял Мырзахметов өзі ағаш шебері, енді бар білетінін біздің қызмет алушыларға үйретуде. Соның арқасында бүгінде екі жігіт ағаш цехына жұмысқа орналасты», — дейді орталық жетекшісі Гүлнұр Ескабулова.

Орал қаласындағы «Өз бетінше тұруды сүйемелдеу» әлеуметтік орталығы 2022 жылы ашылған болатын. Бүгінде орталықта 16 адам тұрады. Олардың бәрі Даниял Мырзахметовты жақсы көреді. Себебі біздің кейіпкеріміз әр қызмет алушыны өзіне тартып, бауырындай қамқорлық танытады.

«Даниял Мырзахметов — көп жыл осы әлеуметтік салада жұмыс істеген адам. Сондықтан да Даниял ағайға арнаулы орындарда қызмет алатындардың мінез-құлқы өте жақсы таныс. Қазір ағамыз орталықтың жай ғана еңбек нұсқаушысы емес, ол кісі қолы шебер адам. Орталықта жөндеуді қажет ететін барлық жиһаз, есік-терезелерді Даниял ағамыз өзі жөндей береді», — дейді орталық қызметкерлері.

— Мен бұрын Круглоозерный арнаулы орталығында дене тәрбиешісі болып жұмыс істедім. Көмекке мұқтаж, ауру адамдарды шынықтырып, денелерін қимылға келтіріп жаттығу жасайтынбыз. Олар үнемі қамқорлық жүреді, көңілдерін сергітуге тырысатынбыз. Қазір мына орталықта еңбек нұсқаушысы қызметіндемін. Қызмет алушыларды еңбекке баулимын. Мен ағаш шеберімін. Балаларды ағашпен жұмыс істеуге үйретемін. Жұмысым өзіме ұнайды. Уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай қаламын, — дейді біздің кейіпкеріміз.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

ШЫҰ ЖАСТАРЫ – ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАРШЫСЫ

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Шанхай ынтымақтастық ұйымы Жастар кеңесінің қолдауымен «Жастар кеңестігі: Әділетті әлем және келісім» халықаралық жастар саяси лагерінің жұмысына қатысты. Жобаны «АМАНАТ» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастыруда.

Ерлан Қошанов өз сөзінде ШЫҰ-ға мүше және байқаушы мемлекеттердің алдында тұрған міндеттерді іске асырудағы жастардың рөліне тоқталды.

«Қазіргі заманда барлық елдің тең құқықтық негіздегі өзара іс-қимылы үшін жағдай жасау аса маңызды. Сондықтан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалығы барысында «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» бастама ұсынуға ниетті екенін мәлімдеді. Ол ШЫҰ мен оның кеңістігінің одан әрі даму бағдарын айқындайды. Бұл жұмысқа ШЫҰ-ға кіретін барлық ел жастарының белсенді араласуы маңызды», — деді ол.

«АМАНАТ» партиясының Төрағасы әлемдік ЖІӨ-нің шамамен 30%-ы және әлемдік сауданың 15%-дан астамы ШЫҰ-ға мүше елдердің еншісіне тиетінін атап өтті. Сонымен қатар ШЫҰ кеңістігінде 3,5 миллиардқа жуық адам тұрса, олардың жартысы — жастар.

«Бұл тұрғыда ШЫҰ — әлемдегі ең «жас» халықаралық ұйымдардың бірі. Сіздер, жастар, ұйымның бүгінгі күшін айқындап, оның алдағы ондаған жылдық болашағын бекітесіздер. Мұнда Шанхай ынтымақтастық ұйымы елдері жастарының ең өршіл де максатты, болашаққа бейжай қарамайтын өкілдері қатысып отыр. Алдағы уақытта біздің лагердің делегаттары өз елдерінің саяси элитасы болатынына сенімдімін», — деді ол.

Бұдан соң Ерлан Қошанов Қазақстандағы саяси реформалар мен елдің жана экономикалық моделін құру жөніндегі жұмысы туралы айтып берді. Ол Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан жастар саясатының маңызды тұстарына егжей-тегжейлі тоқталды.

Сондай-ақ Мәжіліс Спикері ШЫҰ-ға төрағалық ету аясында Қазақстан белгі-



леген бірқатар басымдықты еске салды. Олар экология мәселелері, әсіресе Орталық Азиядағы су тапшылығы, есірткіге қарсы күрес және цифрлық саладағы ынтымақтастықты кеңейту және т.б. Ерлан Қошанов жастарға осы бастамалар бойынша жұмысқа белсенді араласуды, ШЫҰ елдері деңгейінде бірлескен және креативті жобаларға бастамашылық етуді ұсынды.

Аталмыш ауқымды шараға «АМАНАТ» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек те арнайы барып жастармен пікір алмасты. Ол өзінің құттықтау сөзінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жастарды қолдауға ерекше назар аударып отырғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы өзінің қыркүйек айындағы Жолдауында Қазақстан әлемдегі ең жас мемлекеттің бірі екенін атап өткен болатын. Қазір азаматтарымыздың орташа жасы небары 32-де. Жастар қашан да бірегей бастамалар мен жана жаңалықтардың жаршысы болып келеді. «АМАНАТ» партиясы Президенттің қоғамдық тірегі ретінде жастар үшін әділ әлеуметтік лифт жасау міндетін өз мойнына алып отыр. Қазақстан — тәуелсіз мемлекетте дүниеге келген және еркін ойлайтын жастар елі. Ал партиямыз — жастармен бір толқында. Бүгінде қоғамның әр саласында жетістікке жеткен дарынды өрендеріміз көп. Олар

егемен елдің жана тарихын жасап, қарқынды дамуына өз күш-жігерін салуға дайын екеніне сенімдіміз», — деді Дәулет Кәрібек.

Іс-шара барысында Қытай Халық Республикасындағы ШЫҰ Жастар кеңесінің Ұлттық бөлімінің мүшесі Ян Цзиньвэй; Қырғыз Республикасы Мәдениет, ақпарат, спорт және жастар саясаты министрінің орынбасары Марат Тағаев; Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің заң шығару палатасы жанындағы Жастар парламентінің мүшесі Гузал Абдуллаева; ШЫҰ Жастар кеңесінің Үнді Ұлттық бөлімінің мүшесі, Халықаралық студенттер одағының президенті Шоукат Хашим; ШЫҰ Жастар кеңесінің Ресей Ұлттық бөлімінің басшысы Алексей Карпенко, Тәжікстан Республикасы Жастар одағы аппаратының басшысы Фаридун Хусензода, Беларусь Республикалық Жастар одағы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Александр Лукьянов сөз сөйледі.

Айта кететіні лагерь жұмысына шетелдерден және Қазақстанның барлық өңірінен келген 300-ден астам делегат, «АМАНАТ» партиясының Мәжілістегі депутаттары қатысуда. Жастар 20-23 қыркүйек аралығында семинар-тренингтерге қатысып, өз елдерінің тәжірибесімен бөліседі және ШЫҰ елдерінің өзекті мәселелерін шешу бойынша пікірталастар жүргізеді.

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН АКЦИЯ БАСТАЛДЫ

Партия азаматтарды жұмысқа орналастыруға бағытталған «Табысқа бастайтын қадам. Жұмысқа орналасуға көмек» атты жаңа әлеуметтік акциясын бастады. Акция аясында республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде сауда өкілдері қауымдастығы, Big star ЖШС компаниясы, «Тұран-Астана» Университеті және Кәсіподақтар федерациясы өкілдерінің қатысуымен азаматтарды алғашқы қабылдау өтті.



Азаматтарды алғаш қабылдауды аша отырып, Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Әлия Садырбаева акцияның өзектілігіне тоқталды.

— Бүгінде жұмыссыздық — ең өзекті мәселелердің бірі. Жастар мен аға буын өкілдері жұмысқа орналасу кезінде қиындықтарға тап болып, жыл сайын жұмыссыздар санының айтарлықтай өсуі байқалады. Біз өтініштерге тұрақты негізде мониторинг жүргізе отырып, адамдардың қажеттіліктерін анықтаймыз. Тек 8 айдың ішінде партияның қоғамдық қабылдау бөлмесіне жұмысқа орналастыру және еңбек даулары мәселелері бойынша 4 мыңнан астам азамат жүгінді. Мониторинг негізінде біз осындай акцияны іске қосуды ұйғардық, — деді Әлия Садырбаева.

Өз кезегінде «Тұран-Астана» университетінің ректоры Гүлжамал Жапарова мұндай бастамалардың жұмыс іздеушілер үшін ғана емес, оқу орындары үшін де маңызды екенін атап өтті.

— Бүгінде студенттердің басым көпшілігі оқу орнынан аяқтаған соң жұмыссыз қалады. Жұмыс берушілер тәжірибесі жоқ жас мамандарды алғысы келмейді. Егер оларды жұмысқа қабылдасамыз, қалай тәжірибе жинайды. Бұл көңіл көншітпейтін жайт. Өздеріңіз білетіндей, оқу орындарының қызметінің тиімділігі түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша бағаланады. Сондықтан біз бұл мәселеде партияның қолдауы мен оның бастамасын жоғары бағалаймыз, — деді Гүлжамал Жапарова.

Кездесуге жұмыс берушілер де шақырылды. Олар өздерінің бос жұмыс орындарымен бөлісіп, акция аясында

жұмыс іздеушілермен сұхбаттасты. Сонымен, «Тұран-Астана» университетінің «Дизайнер» мамандығы бойынша түлегі Андрей Гизатулин сол ЖОО-ға баспаханна қызметкері болып орналасты. Акцияға қатысқандардың бірі Аида Молдағалиева Big star ЖШС компаниясына менеджер лауазымына орналастырылды. Осы және өзге де жұмыс іздеген қатысушылар жұмыс берушілермен кездесуге және жұмыс табуға мүмкіндік алды.

«Табысқа бастайтын қадам. Жұмысқа орналасуға көмек» акциясы аясындағы қабылдаулар барлық өңірлердегі қоғамдық қабылдау алаңдарында тұрақты негізде жүргізілетін болады. Жұмысқа орналасуға ниетті кез келген адам кеңес алуға өтініш бере алады. Акция «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, «Атамекен» ҰКП және басқа да ұйымдардың көмегімен өткізіледі.

Еске сала кетейік, партияның сайлауалды бағдарламасында қызметкерлердің құқықтарын қорғау, қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және азаматтарды жұмысқа орналастыру мәселелеріне ерекше назар аударылады. Мәселен, жыл сайын «Жастар практикасы» бағдарламасы аясында 40 мың жас кадрды жұмысқа орналастыру жоспарлануда. «Жасы ел» жобасы аясында жыл сайын 30 мың жас маманды, оның ішінде 10 мың ауыл жастарын жұмыспен қамтамасыз ету көзделген. Жалпы, партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде 2027 жылға дейін 1,5 миллионнан астам жасты жұмыспен қамту жоспарланған.

ҚЫСҚА ҚАМДАНЫС ҚАЛАЙ?

Өткен қыс біраз әбігерге салған болатын. Екібастұз жылуы қалса, Теміртауда да тұрғындар жаурады. Биыл қалай болады? Алдағы қысқа сыңға дайынбыз ба? Осы тақырыпты талқылау үшін Қарағанды облысында Парламент Мәжілісінің депутаты Берік Бейсенғалиевтің төрағалығымен «АМАНАТ» партиясы жанындағы Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңестің көшпелі отырысы өтті.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Жиынға Энергетика вице-министрі Жандос Нұрмағанбетов, Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Тимур Карагойшин, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Вадим Басин, онлайн басқа облыстың әкімдері, басқарма басшылары, сондай-ақ «АМАНАТ» партиясы филиалы жанындағы бейінді өңірлік кеңестердің мүшелері қатысты.

Отырыс барысында жылу желілерінің ағымдағы жағдайы, бұрын анықталған ескертулерді жою бойынша жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат айтылды. Сонымен қатар ЖЭО-ны одан әрі жаңғырту бойынша ұсынымдар әзірленді.

Энергетика вице-министрі Жандос Нұрмағанбетов энергетикалық кәсіпорындардың алдағы күзгі-қысқы кезеңге дайындық барысы туралы баяндады. Оның айтуынша, жүйелік оператор бекіткен электр станцияларын жөндеу кестесіне сәйкес, 2023 жылы 10 энергетикалық блокты, 49 қазандықты және 54 турбинаны күрделі жөндеу жоспарланған. 5 энергетикалық блокта, 23 қазандықта және 20 турбинада жөндеу жұмыстары әртүрлі кезеңдерде жүргізілуде. 4 энергетикалық блокта, 17 қазандықта және 13 турбинада жөндеу жұмыстары аяқталған.



Жандос Нұрмағанбетов әр облыс, қалалардағы шешіммен тауып жатқан мәселелерге тоқталды. Мысалы, Павлодар облысы бойынша Екібастұз ЖЭО-сының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету аясында алдағы жылыту маусымында 10 қазандықты жөндеу көзделген. Қазір 7 қазандықта жұмыс жүргізілуде.

Жезқазған қаласындағы ЖЭО-да №4 қазандықты жөндеуді жеделдету, сондай-ақ энергетикалық жабдықтың барлық жоспарланған жөндеу жұмысының орындалуын қамтамасыз ету қажеттігі айтылды. Ал Маңғыстау облысы бойынша «МАЗК» ЖШС-ның жылу электр стансасында №3 энергетикалық блокты жоспарланған күрделі жөндеу 2024 жылға ауыстырылған. «Арқалық ОЭК» МКК ЖЭО бойынша мазутта жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандықтары химиялық су дайындау жүйесін реконструкциялау аяқталған жағдайда жылу жүктемесін көтеруге дайындығы айтылды. «Жана ЖЭО бойынша іске қосу жөндеу жұмыстарын жүргізуді же-

делдету қажет. Осымен 2 жылға созылып бара жатыр» дегенді қосты спикер.

Энергетика вице-министрінің айтуынша, барлық ЖЭО-да отын қоры нормаға сәйкес жинақталған.

Арнайы келген кеңес мүшелері «АрселорМиттал Теміртау» АҚ ЖЭО-2-ні аралап шықты. Барысында кеңес төрағасы Берік Бейсенғалиев қосымша жетінші қазандық салу есебінен қосымша қуатын ұлғайту болжамдары туралы проблемалық мәселені көтерді:

— Инвестордың белгілі бір міндеттемелері бар, сіз сол тараптан болып жатқан қолдауға қанағаттанасыз ба? Қаржыландыру жетінші қазандықты аяқтауға, жөндеуге, сондай-ақ қалған қазандықтарды қалпына келтіруге жеткілікті ме? Бізде қаражат жеткілікті екеніне және осы жылыту маусымында желілерде апаттар болмайтынына сенімдіміз, өйткені сізде осы алты қазандықтың төртеуі апатты жағдайда болды, — деді.

— Жалпы, биыл бұл жұмыстарға жетінші қазандықсыз шамамен 5 млрд теңге бөлінді. Бұған бірінші, төртінші және бесінші қазандықтарды қалпына келтіру жұмыстары кіреді. Бұл сома жұмыстарды аяқтауға және оларды толық көлемде іске қосуға жеткілікті деп сеніммен айта аламын, — деп жауап берді «АрселорМиттал Теміртау» АҚ 2-ЖЭО директоры Сергей Кривов.

Өйткені жетінші қазандықтың құрылысы келесі жылға шегерілген болатын. Сонымен қатар жылында Теміртау қаласында былтыр халықтың тонуына бірден-бір себеп 2-ші ЖЭО сапасыз көмірдің сатып алуында екендігі де айтылды. Сергей Кривов болса «Биыл ондай жағдай қайталанбайды, сапалы көмір алынды», — деп сендірді.

ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУҒА ТЫҢ СЕРПІН КЕРЕК

«АМАНАТ» партиясы Бостандық аудандық филиалының саяси кеңес мүшесі Әйгерім Уәлиева Ұлттық сейсмологиялық бақылау және зерттеу ғылыми орталығына арнайы жұмыс сапарымен келді. Кездесуді ғылыми орталықтың Құқықтық және кадр бөлімінің бас маманы Айжан Ожабекқызы жүргізді. Жиын барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын толық түсіндірді.



Ұлттық ғылыми орталық қызметкерлері қалада мектеп, балабақша орындарының жетіспеушілігі, ауызсу және көптеген өзекті әлеуметтік мәселелермен қатар өз сұрақтарын ортаға тастады. Азаматтарға кеңес беріп, оларды толғандырған мәселелерді шешумен қатар, партияның қоғамдық қабылдауларында Мемлекет басшысының Жолдауын түсіндіру жұмысы да белсенді жүргізіліп келеді.

— Ауызсу тапшылығы, коммуналдық төлемдердің өсімі мен бағалардың тұрақсыздығы сияқты сұрақтар жұртшылықты көптен бері мазалап отыр. При-

зидентің Жолдауында «Жер аманаты», «Ауыл аманаты», «Қарызсыз қоғам» сияқты ел үшін маңызды жобалар осындай әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешудің жолдарын мен бастамаларын айтты. Мұндай жобалар өз кезеңінен ел экономикасын көтеруге бағытталған», — деп атап өтті Әйгерім Уәлиева.

Сонымен қатар «АМАНАТ» партиясының өкілі қызметкерлерге ел Президентінің халыққа арналған Жолдауы аясында Ұлттық орталық қойған мақсаттарға жету жолында қайсарлық пен табандылық тіледі.

Президенттің соңғы Жолдауындағы «Реформаның басты мақсаты – экономикамыздың тұрақты өсімін 6-7 пайызға жеткізу және 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 2 есеге ұлғайту, яғни 450 миллиард долларға жеткізу» деген ең маңызды тезісі болды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы энергетика саласында тың инновациялық жобаларды қолға алуды талап етіп отыр. Осы ретте аталған бағытта қандай мәселелер бар, энергетика саласын дамыту үшін қандай міндеттер тұр деген сауалдар жауабын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің Төрағасы Еділ Жаңбыршиннен сұрап көрген едік.

— Еділ Терекбайұлы, Мемлекет басшысы Жолдауында айтқан межеге қалай жетеміз? Жалпы, электр энергетика жүйесін тиімді басқаруды қалай ұйымдастырамыз?

— Алдағы 6-7 жылда экономиканың мұндай қарқынды өсімін қамтамасыз ету үшін ең алдымен энергетика мәселесін шешіп алуымыз қажет. Мәселен, «қанша энергетика қуаты керек?», «энергияны қандай көздерден аламыз?», «қанша инвестиция қажет және оның кімдер қаржыландырады?» «қалай сапалы алами капиталмен қамтамасыз етеміз, яғни ғылыми зерттеулерлерді жүргізу және сапалы, білікті кадрларды қалай дайындаймыз?» деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Энергетика секторын дамытпай, Қазақстанның экономикасының қарқынды өсіру мүмкін емес. Жоғарыда айтқан межеге жету үшін қанша энергия қажет? Мысалға, экономикасы мықты дамып келе жатқан Қытай мемлекетінің даму көрсеткіштеріне қарасақ, ҚХР-ның 2015–2022 жылдар аралығында ішкі жалпы өнімі 1,7 есе өскен (10,9 трлн АҚШ долларынан 17,5 трлн АҚШ долларына дейін). Осы кезеңде 2015 жылы Қытайдың электр энергиясын өндіруі 5,69 трлн квт.сағ болса, 2022 жылы 8,4 трлн квт.сағ электр энергиясын өндірген, 2015 жылы орнатылған энергия қуаты 1 619,48 ГВт болса, 2022 жылы – 2 567,33 ГВт құрап отыр, яғни электр қуатын өндіру 1,5 есеге артқан. Негізгі тұтынушылары: өнеркәсіп – 70,1%, үй шаруашылықтары – 14,0%, қызмет көрсету саласының кәсіпорындары – 14,0%, ауыл және орман шаруашылығы – 1,9%.

2022 жылы Қазақстанда қуат 24,52 ГВт, бірақ максималды генерация 15,2 ГВт құрап отыр, өндірген электр энергиямыз 112,8 млрд квт.сағ. Жалпы, Қазақстанда 2015–2022 жылдары орналастырылған электр қуаты 15% ғана өскен.

Электр стансалардың көбі Кеңес Одағында салынған, олардағы орнатылған қуаттың кемінде 30% жанаулымыз қажет, бұл шамамен 8 ГВт және алдағы 6-7 жылда экономиканың көлемін 2 есе арттырамыз десек, өндіріп отырған энергия қуатын кем дегенде 1,5 есе арттыруымыз қажет. Бұл тағы жана 6-7 ГВт. Сонда бізге алдағы 7 жылда жалпы қуаты кемі 15-16 ГВт құрайтын жана стансалар мен блоктарды тұрғызуымыз қажет болады. Жолдауда Мемлекет басшысы: «2029 жылға қарай энергия тұтынуға және энергия шығынына байланысты негізгі көрсеткіштер кемінде 15%-ға азаюға тиіс», — деді. Осы стратегиялық мәселелерді ескере келіп, Президент Үкімет алдына 5 жылда елімізде кемінде 14 ГВт жана электр қуатын іске қосуды, соның ішінде Екібастұздағы МАЭС-1 және МАЭС-2 кеңейтуі және жана МАЭС-3 салуды міндеттеді. Бұл – Қазақстан үшін стратегиялық міндет.

Жаңа стансаларды салу елімізде энергия қуатын арттырып қоймай, келесі мультипликативті эффект береді: машина жасау саласы дамиды, жергілікті құрылыс материалдарын пайдалану өседі, импорттық тауарлар мен қызметтерді өзімізде локализациялауға болады, біліктілігі жоғары мамандар дайындалады, жана жұмыс орындары ашылады және т.б.

Аса маңызды тағы бір мәселе, біз энергетика саласында ешкімге тәуелді болмауымыз керек. Бұл – ұлттық қауіпсіздікті, суверенді мемлекет болуымызды қамтамасыз етудің негізгі кепілі. Қазір Ресеймен арамдыздағы электр энергиясының салыдоағым 0,5 млрд квт.сағ минус, яғни олардан электр энергиясын импорттап отырмыз. Жоғарыда айтылған қуаттарды дер кезінде тұрғызатын болсақ, болашақта ешкімге энергетика жағынан тәуелді болмаймыз деп ойлаймын.

— 2013 жылы еліміз «Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі «жасыл» экономикаға қошу тұжырымдамасын» қабылдады. Осы құжатқа сәйкес, Қазақстан электр энергиясын өндіруде баламалы энергия көздерінің үлесін 2030 жылға қарай 15%-ға дейін және 2050 жылға қарай 50%-ға дейін жеткізу қажет. Бұдан басқа, 2060 жылға дейін Қазақстан көміртен бейтараптық Стратегиясын қабылдады. Олай болса біздің тұрғызатын генерацияларымызда балама энергия көздерінің үлесі артуы қажет емес пе?

— Иә, әлемдік тенденция энергияны жанарғыланып энергия көздерінен алуға бағытталғанын көрсетіп отыр. Мысалы, Қытайда 2000 жылдан бері жел энергиясымен жұмыс жасайтын стансалардың қуаты 1 000 есе өскен, ал 2009 жылдан бастап күн энергиясын пайдалану 15 720 есе артқан! Қазіргі таңда ҚХР жел мен күн энергиясы 758 ГВт энергия қуатын беріп отыр, бұл бүкіл Ресейдің 2023 жылғы орнатылған электр қуатынан 3 есе артық!

Eurelectric Еуропалық электр энергиясы қауымдастығының мәліметі бойынша, 2030 жылға қарай Еуроодақ электр энергиясының 80%-ы қазбалы отынды пайдаланбай өндірілуі мүмкін. Бұл ретте электр энергиясының 60%-ы жанарғыланып энергия көздерінен алынбақ. Мысалы, 2010 жылдан бастап 2022 жылға дейін Португалиядағы күн және жел энергиясының үлесі екі есе өсіп, 35%-ға дейін жетті. Қазір жел, күн энергия көздері бізде 2,255 ГВт қуатын құрап отыр, жалпы генерацияда бүкіл бала-



**Еділ ЖАҢБЫРШИН,
Мәжіліс депутаты:**

Энергетика дамымай,

ЭКОНОМИКА ӨРКЕНДЕМЕЙДІ

малы энергия көздерінің үлесі 9-10% ғана.

Перспективада бірнеше шетелдік TOTAL, MASDAR, AQWA POWER, CPIN сияқты ірі компаниялар 5 ГВт-тай қуатты беретін жанарғылатын энергия стансаларының жобаларын ұсынып отыр. Бұл жердегі басты мәселе ол стансаларды қайда орналастырамыз және энергияны қалай аккумуляциялаймыз?

Тағы бір баламалы энергия көзі – тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚК) энергоутилизация жасау. Көптеген дамыған елдер: Швеция, Аустрия, Италия, Корея Республикасы, Польша және басқалар ТҚК-дан электр энергиясы мен жылу алып отыр. Швеция 15% энергиясын ТҚК-дан шығарылған биомассадан алып отыр. Бұл технологиялардың ерекшелігі қоршаған ортаға зиянды заттарды шығармайды, тіпті кейбір стансалар қоқыстың органикалық құрамынан газ алып, оны отын есебінде пайдаланады. Қазақстанда ресми статистикаға сәйкес, жылына 5 млн тоннадай ТҚК түзіледі екен, оның тек 15-18%-ы ғана өңделеді. Егер оны құрамындағы қайта пайдалануға жараматын органика 30-40% десек, онда 1,5-2,0 млн тоннадай органикалық заттардан газ немесе отын алуға болады. Осы тәжірибені ТҚК көп шығаратын ірі қалаларда орналастыруға болады. Бұл өз кезегінде қалдықтар қоймасының көлемі мен ауданын азайтып, оларда болатын өртті жоюды, жер бедерін және жерасты суларын улы заттармен ластануын азайтады, булы газдардың қоршаған ортаға түсуін төмендетеді. Болашақта сүтегі мен термодрольлық синтез арқылы энергия алуды да дамыту қажеттісі.

— Сонымен қатар алдымызда 14 ГВт қуат салу мақсаты тұр. Бұл қуаттарды алу үшін көмір, газ отындының жағын және күн, жел, су энергиясын пайдаланамыз деп болжанып отыр. Көмір Қазақстанда жеткілікті. Қазақстан 29,4 млрд тонна (немесе әлемдік қордың 2,4%) барланған көмір қоры бойынша 10 елдің қатарына кіреді, оның 2/3-і – қоңыр көмір, 1/3-і – тас көмір. Бірақ әлемдегі қаржы институттары көмір арқылы энергия өндіруге инвестиция бөледі деп қатқатқан. Онда көмір генерациясын салуды қалай шешеміз?

— Бұл сұраққа әзірше жауап табу қиын. Мүмкін болашақта көмір химиясын немесе кеніштердегі метанды пайдалануды іске асырған жөн болар. Бұл идея да Жолдауда айтылды. Жалпы, Қасым-Жомарт Кемелұлы энергетика саласында тың инновациялық жобаларды қолға алуды талап етіп отыр.

Бу-газды қондырғыларды салатын болсақ, тауарлық газдың көлемін ұлғайтуымыз қажет. Өйткені энергетикадан басқа елді мекендерді газдандырып, өндірісті де газбен қамтамасыз етуіміз қажет. Қазақстанда газдың 2017 жылдан бүгінгі 2023 жылға дейін тұтыну динамикасы 12,197 млрд текше метрден 21,214 млрд текше метрге дейін жетіп, тұтыну 1,74 есе өскен. Алдағы уақытта тағы да газ көлемін тұтыну кемі 2 есеге өсуі мүмкін. Себебі Солтүстік, Шығыс және Орталық Қазақстанды газдандыру қажет және газбен жұмыс жасайтын электр стансаларына үлкен көлемде көгілдір отын қажет болады. Ресурсты қайдан аламыз?

ҚР-да шикі газ өндіру соңғы 5 жылда жылына орта есеппен 52-ден 55 млрд текше метрге дейін құрайды. Шикі газдың көп бөлігі сұйық көмірсутектерді өндірудің онтайлы деңгейін ұстап тұру үшін кен орындарына қайта айдалады. Шикі газдың қалған бөлігі ГӨЗ-де тауарлық газға өңделеді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша, Қазақстанда газ өндіру 53,2 млрд текше метрді құрады, оның ішінде «Қарашығанақ», «Теніз» және «Қашаған»-дағы операторлардың үлесі 82%-ды немесе 43,4 млрд

текше метрді құрады. 2022 жылы аталған өндірушілерден тауарлық газ жеткізу 16,9 млрд текше метрді құрады.

«Қарашығанақ», «Теніз», «Қашаған» кен орындарының ішкі нарыққа газ беру әлеуеті үлкен, олармен сатып алу бағасын келісу керек. Бұл жөнінде де Президент өз Жолдауында айтты. Сонымен қатар «Рожковское», «Өріқтау» «Батыс Прорва», «Қаламқас» кен орындарында газ өндіруде бізге қосымша газ көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Көріш елдердің газ ресурстарын сатып алу еліміздегі газ дефицитін жоюға мүмкіндік береді, әсіресе Түрікменстанмен келісімге келу маңызды. Бірақ газ импортында қолайлы баға мен елдің тәуелсіздік саясаты басым бағыт болуы керек.

— Қазір әлемде энергетикаға қатысты неше түрлі озық және жана технологиялар бар. Мәселе оларды қандай қаржыға саламыз? Осы салаға инвестиция тарту жағын қалай іске асыруға болады?

— Қазір сарапшылардың айтып жүрген қаржы көздеріне – бюджет, халықаралық қаржы ұйымдарының несиелері, тариф жатады. Егер біз 14 ГВт қондырғыларды бюджет есебінен салатын болсақ, онда оған мемлекеттің бюджегі де, Ұлттық қордың қаржысы да жетпейді. «Тарифке инвестицияны ауыстыру» деген механизм бар. Бірақ бұл жерде таяқтың екі ұшы бар екенін ескеруіміз қажет. Тарифті көтермесек, жанауағы инвестиция шектеулі, ал тариф жоғары болса, тұрғындардың төлеуге мүмкіндігі төмендейді. Қазір тұрғындардың көпшілігі жөндері тарифті төлей алмауы мүмкін. Тарифті дифференциация жасау қажет деген идеяларды айтылып жүр, яғни жағдайы көтеретіндерге тарифті көтеріп, табысы төмендерге мемлекет тарапынан субсидия жасау. Ресми статистикаға байланысты 2023 жылдың екініші тоқсанында Қазақстанда кедейшілік деңгейі тұрғындардың 5,1%-ын құрап отыр, яғни 1,015 млн адам. Бұл үй шаруашылықтарының іріктеп зерттеу нәтижелері бойынша ғана, ақиқатында табысы өте төмен отбасылар бұдан да көп болуы мүмкін. Ал субсидия – бюджетке түсетін үлкен жүктеме. Егер айына бір миллион адамға шамамен 10 мың тенге субсидия берсек, бір жылға 120 млрд тенге бюджеттен қаржы бөлу керек, бұл шамамен 100-150 мың халық бар қаланы тоқ, жылумен қамтитын заманауи станса салуға жетеді.

Егер шетелдік компаниялар энергия қуаттарын салатын болса, олар өздерінің инвестицияларын қайтарып, аз да болса пайда табуы керек. Олар тариф қандай болады деп сұрайды? Олардың сұрайтын жоғары тарифін біз тағы да бере алмаймыз. Сондықтан олар келіссе, инвестициясын қайтаратын уақыттарын ұзақ мерзімге жылжытып, аукционға қатыстырып, екі жаққа да тиімді тарифке дейін сауда жасауға мүмкіндік беруге болады.

Біз белгілеген шектік тарифке келісіп, BOOT келісімшартымен энергия қуатын салатын компаниялар болса, олармен тіке контракт жасап, инвестиция тартатында вариант бар. Мысалы, жоғарыда айтылған Дубайдағы жоба BOOT келісімшартымен реттелді және қаржыландыру, жобалауды, салуды, нысанды пайдалануды және 35 жылға техникалық қызмет көрсетуді қамтиды. Сондықтан тариф саясатында «алтын ортаны» табу өте маңызды.

Осы үш қаржы көзінен басқа тағы бір баламалы нұсқа бар. Ол – елімізден заңсыз немесе ұрылқыпен шығарылған АҚШ долларымен есептегендегі миллиардтаған активтер, тіпті оның ішінде энергетика саласынан шығарылған қаржыларда болуы мүмкін. Кезінде ол активтер елдің стратегиялық нысандарын модернизациялауға, дамытуға жұмсалуды керек еді. Сондықтан

елге қайтарылған активтерге тек әлеуметтік инфрақұрылымдар мен нысандарды салуға жұмсамай, оларды энергетикалық ресурстармен қамтамасыз ететін көздерге де жұмсалған дұрыс. Бұл әділ шешім болар еді.

Жалпы, бюджет пен елге қайтқан активтердің мүмкіндіктерін, инвесторлардың ұсыныстарын және өңірлердегі тарифтердің ерекшеліктерін ескеріп, энергия қуаттарын салуға барлық қаржы көздерін жүйелеп, тарту қажет.

— Қазір энергетика саласына кадр жетіспеушілік айтыла бастады. Кадр тапшылығын қалай жоюмыз?

— Рас, Риддерде ЖЭО мамандар жетіспей жатыр. Мұндай жағдай басқа өңірлерде де бар. Энергетиктер басты мәселе жалақының төмендігі деп отыр. Еңбекақы тағы тарифке байланған. Жалақы жалақы ғой, біз жоғары оқу орындарында кадр дайындау мәселесін бұзып алдық. Кезінде энергетиктерді, жалпы инженерлерді 5 жыл дайындайтын. Болон процесі деп 4 жылдық бақалауға мәселесін бұзып алдық. Одан біз ұтқан жоқпыз. Бітіріп шыққан мамандардың білімі мен біліктілік деңгейі өндіріс сұранысын қамтамасыз ете алмай қалды. Энергетика саласының маманы болуы үшін физика мен математикадан, химия мен металтанудан, электроника мен автоматикадан, электр мен жылудан, отын мен судан терең білімін болуы керек. Сонымен қатар энергетика жылуэнергетика және электроэнергетика бағыттары ерекшеленген бірнеше мамандықтарға бөлінеді. Қазір осы екі негізгі бағытты бір оқу бағдарламасына біріктіріп жіберген. Бұл – энергетиканы түсінбейтін шенеуніктер мен саладан хабары жоқ мамандардың жасаған шешімі. Оның үстіне, энергетик мамандарды дайындайтын флагманымыз – Алматы энергетика және байланыс университеті жеке қолда, қазіргі басшылары энергетиктер емес. Энергетиктерді дайындайтын бағдарламаларды қайта қарап, оқу жылын 5 жылға созу керек. Онсыз болмайды. Қазір сабақ беретін профессор-оқытушы құрамы да азайып бара жатыр.

Энергетиктерді дайындайтын білім саласы ұшпаның шетінде қулаудың аз-ақ алдында тұр. Шұғыл шешім керек.

Екінші мәселе. Энергетика ғылымсыз дамымайды. Оның тиімділігін арттыру үшін және қоршаған ортаға әсерін азайту үшін фундаменталды және қолданбалы ғылым қажет. Кезінде осының бәрін 1944 жылы құрылған Шапық Шокин атындағы Қазак Энергетика ғылыми-зерттеу институты (КазЭФЗИ) атқарып келді және Кеңес Одағында оның алатын орны ерекше еді. Институтта Кеңес Одағына белгілі ғалымдар: Б.Алиев, И.Басина, С.Бухман, Л.Вулис, Ш.Ершин, Е.Сакипов, Б.Устименко, И. Палаткин және басқалар қызмет етті. Қалыптасқан жүйесі бар мықты ғылыми мектеп болды. Қазір энергетика ғылымын жоғалттық, ал КазЭФЗИ жекеменшік серіктестік болып кетті, азын-аулақ шаруалармен айналысып жүр.

Мемлекеттің болашағын ойласақ, «Жасыл энергетиканы» іске асырамыз десек, Ұлттық ғылым академиясының жанынан ба, Ұлттық адроль институтының жанынан немесе Ядроль физика институтының жанынан ба арнайы жалпы энергетиканы, оның ішінде баламалы энергия көздерін дамытуға жол ашатын іргелі ғылыми мектеп ұйымдастыру қажет.

— Энергия өндіруші ұйымдарды өртүрлі тарифтеріне байланысты энергия жүйесіндегі теңгерімсіздікті, электр энергиясының тапшылығын, бәсекелестіктің тең емес жағдайларын жоюмыз үшін қандай қаламдар жасалуы қажет?

— Энергетикада қуатты арттырумен қатар, энергожүйені тұрақты теңгеріммен ұстап отыру қажет. Сондықтан болашақта салынатын энергия қуаттары бұл факторды ескере отырып іске асырылады. Біркелкі электр жүйемізді «КЕГОК» АҚ басқарып отыр, оған Батыс, Солтүстік және Оңтүстік электр жүйелерінің аумақтары кіреді. Бірақ Батыс электр жүйесі басқа аумақтармен байланыстырылмаған, қалған екеуі ортақ жүйеде.

Бірінші мәселе, барлық аумақтарды бір-бірімен байланыстырып, қуаттарды бір-біріне бағыттап, реттеп отыратын ортақ жүйе құруымыз қажет. Бұл бағыт бойынша Батыс электр желісі аумағын Солтүстік аумағына қосу жұмыстары басталып кетті, жоспар бойынша 2027 жылы «Өлек – Қарабатан» (Ақтөбе-Атырау) 500 кВ желісінің құрылысы аяқталуы тиіс.

Батыс аумақтың электр жүйесін Оңтүстік аумаққа қосу 2028–2035 жылдарға жоспарланған.

Екінші мәселе, Ресей және өзіміздегі электр қуаттарды Орта Азия елдеріне тасымалдау маңызды. Бұл жұмысты іске асыру үшін «Солтүстік–Оңтүстік» тұрақты ток желісін салу 2024–2030 жылдарға жоспарланып отыр.

Үшінші мәселе – электр жүйелерін жанауа. Өйткені көптеген желілер мен нысандарда тозу 80% жеткен. Олардың өткізу қуатында қушеіту қажет. Бұл электр жүйесіндегі сенімділікті арттырып, апаттарды азайтуға мүмкіндік береді.

Қазір «Ақтөбе», Батыс», «Сарыбай» жүйеаралық электр желілері (ЖЭЖ) жоғары кернеулі 220-500 кВ желілерін қайта құрылымдау және «Батыс» аумақтың электр жүйесін қушеіту жұмыстары жүріп жатыр, аяқталу мерзімі – 2023 жыл. Мысалы, «Батыс» аумақты қушеіту Маңғыстаудың көрші облыстармен электр қуатын алмасу ағынын 50 Мвт-тан 250 Мвт өсіруге мүмкіндік береді.

«Оңтүстік» электр жүйесі аумағында «Шу–Жамбыл–Шымкент» 500 кВ жоғары кернеулі желінің қуаты күшеітілуде, аяқталу мерзімі – 2026 жыл.

2031 жылға шейін «Ақмола», «Шығыс», «Солтүстік», «Орталық», «Алматы», «Оңтүстік» ЖЭЖ-і қайта құрылымдаудан өткізу жоспарланып отыр.

Төртінші мәселе – қожайындары жоқ және белгісіз қараусыз қалған электр жүйелерін баланса алып, реттеп, жанауа. Одан басқа, ортада тек қаржы жинап, өздерінің ешқандай материалдық активтері жоқ делдалдық қызмет атқарып отырған энергиямен қамтамасыз ету ұйымдарын нарықтан алып тастау. Олардың функцияларын атқаратын механизм жасауда өзекті сұрақ.

Бесінші мәселе – энергетикалық нысандар мен желілерді мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алу жүйесін қайта қарау. Энергетиканы IoT, нейросет және блокчейн қағидадарын пайдаланып цифрландыру. Бұл өз кезегінде саланың қызметінің сапасы арттырады, басқаруын одан әрі жүйелендіреді, ашықтық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Биыл 1-ші шілдеден бастап Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында электр энергиясын бірыңғай сатып алу моделі жұмыс жасап бастады, ол өз кезегінде энергия өндіруші ұйымдардың өртүрлі тарифтеріне байланысты энергия жүйесіндегі теңгерімсіздікті, электр энергиясының тапшылығын, бәсекелестіктің тең емес жағдайларын жоюға мүмкіндік береді.

— Елімізде бұл сала жалпы заң жағынан қаншалықты қолдауға ие? Энергетиканы дамытуға бағытталған қандай заңнамалар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілерді қабылдаймыз?

— Қазақстан энергетика саласындағы түбегейлі өзгерістерді жасау үшін нормативтік актілерді жана сұраныстарға байланысты әзірлеп, қабылдауымыз қажет.

Осыған орай бірнеше заңнамалар Парламентте қайта қаралып, қабылданды. Мысалы, 2022 жылғы 30 желтоқсанда Президент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Аталған заң шеңберінде «Газ және газбен жабдықтау туралы» заңға заң ресурстарын ұлғайту мақсатында жер қойнауын пайдаланушылардан тауарлық газды сатып алуын ынталандырушы тетігін қабылдау бөлігінде тиісті түзетулер енгізілді.

Сонымен бірге 2022 жылғы 29 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қолік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойылды. Оның шеңберінде Жер қойнауын пайдалануға Жасартылған модельді келісімшарт (бұдан әрі – ЖМК) қабылданды. ЖМК-да жана заң жобалары үшін мынадай фискалдық және салықтық жеңілдіктер қарастырылған: өндіріп басталған күннен бастап 20 жылға корпоративтік табыс салығынан босату, өндіріп басталған күннен бастап 20 жылға экспорттық келендік баждан босату, жер қойнауын пайдалануға балама салыққа өту құқығы.

Жасалынған заңнамалық түзетулер Қазақстанда өзіндік газ ресурстарын арттыруға мүмкіндік береді деп жоспарланып отыр. Сонымен қатар мұнай-газ саласын және жанартылған энергия көздерін одан әрі дамытуға мүмкіндік беретін Мәжілісте бірнеше заң жобалары қаралып жатыр. Бұлардан басқа жана «Жылуэнергетика туралы» заң қаралауда. Бұл заң жылу энергетика саласында мемлекеттік реттеу мен оны іске асыру механизмдерін айқындап береді.

— Қазақстанның қай өңірлерінде энергетикалық нысандар мен инфрақұрылымдарды салған жөн? Жалпы, энергетика саласының даму стратегиясын дайындау қаншалықты қажет?

— Жақында Мәжілістің Экология мәселелері және табиғи ресурстар Комитеті Энергетика министрлігі, «Самұрық-Энерго» АҚ, КЕГОК АҚ және басқа да құзырлы мемлекеттік органдар мен энергетика саласының сарапшыларының басын қосып, «Энергетика қауіпсіздігі» тақырыбында кеңейтілген отырыс өткізді. Көптеген сұрақтар қойылып, ұсыныс-пікірлер айтылды. Комитет құзырлы мемлекеттік органдардың өкілдерін, ғалымдар мен мамандарды қамтитын жұмыс тобын құрып, Қазақстанның энергетика саласының даму Стратегиясын жасақтау туралы шешім қабылдады. Бұл маңызды құжат алдағы «орта және алыс перспективада Қазақстанның қай өңірлерінде энергетикалық нысандар мен инфрақұрылымдарды саламыз?» деген сұраққа жауап беруі керек. Стратегияда өңірлердегі өндірістік және басқа да тұтынушылардың қажеттілігі, қазіргі жоғары кернеулі электр желілері мен қосалқы стансалардың мүмкіндіктері, отын ресурстарының орналасуы мен логистикасы, демографиялық өсім және басқа да факторлар ескерілуі тиіс. Сондықтан отын-энергетикалық және өндірістік-территориялық кешендер интеграцияланған, нақты көрсеткіштері бар ұлттық Стратегияны дайындау – кезек күттірмейтін шаруа.

Президент Қазақстан экономикасын екі есе ұлғайту жөнінде амбициозды міндетті жария етті. Оны іске асыру мүмкін бе? Меніңше, мүмкін емес нәрсе жоқ. Мықты нәтижеге қол жеткізгін келе ме, онда таудай талабын мен мақсатын болсын! Тек ниет пен әрекет қажет. Жалпы, Жолдауда көрсетілген міндеттерді тек біліктің бір өзі атқарып шыға алмайды, егер бүкіл халық қолдап, бел шешіп кіріспесе. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демей ме? Жүгіміз ауыр, бірақ оны жеңілететін адами да, материалдық та ресурсымыз бар.

— Сұхбатыңызға рақмет!

Бүгінде банктен несие алып, қарыздың қамытын кимеген адамды кездестіру қиын. Өкінішке қарай, елімізде бір миллионнан астам тұрғынның қаржы ұйымдарының алдындағы берешегі бір триллион теңгеден асып кеткен. Оның ішінде тұтынушылық несие алғандардың саны анағұрлым көп. Бұдан бөлек, «күріштің арқасында күрмек су ішедінің» керін келтіріп, қарызға батқан халықтың қаржылық сауатсыздығын сәтті пайдаланатын алаяқтар да артты. Сондықтан ақпараттық жүйеден хабары жоқ ауыл адамдарының сауатын арттыру алдыңғы кезекте атқарылуы тиіс ара болып отыр. Биылдан бастап «AMANAT» партиясы елдегі 8 аймақта «Қарызсыз қоғам» жобасын бастаған еді. Соның арқасында 41 463 адам жобаның игілігін көріп, қаржылық сауатын арттыруға мүмкіндік алды. Аз уақыттың ішінде тиімділігін көрсеткен ауқымды әрі қажет кезінде қолға алынған жобаны жақында Мемлекет басшысы да қолдап, Үкіметке партиямен бірігіп жобаның ауқымын кеңейтуді тапсырды. Өйткені елдегі кепілсіз несиемен кешіру туралы шешім мен жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң мәселені біршама реттегенімен, ахуалды біржола түзеу үшін әлі де жүйелі шаралар қабылдау тапсырылды. Газетіміздің Aiqyn-arguments алаңында жобаны жетілдіру жолдары жайлы сарапшы мамандардың ой-пікірін тыңдадық.

Жадыра МҮСІЛІМ

— Бұл жоба ауыл, қала тұрғындарының қажетін ескере отырып әзірленгенін білеміз. Дегенмен әлі де болса игілікті істің мақсат-міндетін толық түсінбей жүргендер бар. Жоба мамандары халықты кредит алмауға шақыра ма, әлде қарызға батпаудың жолын көрсете ме, болмаса кәсіптің көзін табуды үйретсе ме? Кімдер қатыса алады?



Айгерім РЫСБАЕВА,
«Қарызсыз қоғам» жобасының сарапшысы:

— Қазір қаржыны қалай басқару керектігін, несие-нәтижесінде қарызды қайтару деген ұғым барын білмейтін адамдар бар. Соның салдарынан адамдардың банк пен микроқаржы ұйымдарына берешегі көп. Сол үшін бұл жобаға өз ісінің мамандарын, бизнес-тренерлер мен сарапшы мамандарды қатыстырып отырмыз. Елімізде биыл мамыр айынан бастап 8 өңірде, оның ішінде Алматы, Атырау, Түркістан, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау мен Жамбыл, Батыс Қазақстан облысында «Қарызсыз қоғам» жобасы қолға алынды. Жоспар бойынша қазірдің өзінде 41 мыңнан астам адам оқытылды. Бұл жалпы жоспардың 65 пайызын құрайды деген сөз. Біздің жобаға қарызы бар немесе өзінің қаржылық сауатын арттырғысы келетін кез келген адам қатыса алады. Тіпті, 18 жасқа бастап зейнеткерлерге де қатысуға шектеу қойылмайды. Себебі көріп отырғанымыздай, зейнеткерлердің атында да ресімделген несие көп. Олардың арасында өздері ғана емес, балалары мен туыстары алып, зейнеткерлердің төлем кабинеттерін пайдаланып жатыр. Тапсау көрсетіп отырғандай, жобаға қатысып жатқандардың орта жасы 41 жас деп айтамыз. Байқағанымыз, оқу курстарына табысын көбейткісі келетіндер, көпбалалы аналар, жұмыссыз адамдар да қызығушылық танытып жатыр.

— Дұрыс екен. Енді жобаның жүзеге асуы қоғамдағы қандай мәселені шешуі мүмкіндік береді?

Айгерім РЫСБАЕВА,
«Қарызсыз қоғам» жобасының сарапшысы:

— Жобаның мақсаты — азаматтардың қаржылық сауатын арттыру. Мысалы байқасаңыздар, қазір есепшоттары бұғатталған борышкерлердің көбісі «Банкроттық туралы» заңнан үмітті. Бірақ шын мәнісінде заң қарызға батқандардың барлығына арналмаған. Себебі заңның өзі өте күрделі. Түсіну қиын. Ауыл адамдары түгілі, біз секілді сала мамандарының өзі әрбір түсінеді десе болады. Сол үшін көбісі «қарызды төлей алмасам, банкротпын» деп жариялау үшін борышкердің есепшотына соңғы 12 ай бойы ешқандай төлем түспеуі және басында мүлкі болмауы тиіс. Егер болымсыз қаражат алғаны расталса, өтейді. Қазір осындай қиындықтарға байланысты заңға қайтадан өзгерістер енгізу мәселесі қарастырылуда. Өйткені банкроттыққа өтініш берген адамдардың 9 пайызы ғана жарамды. Екіншіден, көп адамдар екінші деңгейлі банктер мен микроқаржылық ұйымдардың аражігін ажырата алмайды. Екеуі де «банк» деп ойлайды. Негізінде қаржы ұйымдарының пайызы өте жоғары. Мәселен, адамдар банктегі несиеді жабу

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»: ТҮЙТКІЛДЕР ТҮЙІНІ ТАРҚАЙДЫ

үшін қаржы ұйымдарынан қарыз алады. Сөйтіп, пайызы әлдеқайда жоғары ұйымдарға ұрынып жатыр. Ал кейбір қаржы ұйымдары несиемен 50 пайыздан асырып береді. Өкінішке қарай, екінші бірі негізгі несиелерін осындай жолмен жауып жүр. Бірде жобамызға Солтүстік Қазақстан облысында бір басында 28 несие бар тұрғын келді. Ол кісінің жалақысы 350 мың теңге, ал төлейтін ай сайынғы несиесі 490 мың теңге. Ол кісі үстіндегі айырмашылығын осындай жолмен алып келген.



Ғалиппер ФАХРУЛЛИНОВ (фот.)

деп халықты алдап, жоғары пайызбен несие таратып жатқан қаржы ұйымдарының жұмысын реттейтін уақыт келді. Бұрын 700 пайызға дейін асырып жіберген кезі болған. Мемлекет араласып аранын басып еді. Қазір қайтадан неше түрлі китүркілікке барып жатыр. Бір адамдар «Айналдырған 80 мың айлық алам. Оның несін санаймын?» деп айтады. Қазіргі кезде бір теңгені өзін санап үйрену керек. Артық шығындарды есептеп үйретуге көп көңіл бөлінгені дұрыс. Қазір халықтың

қоғамда қалыптасқан көптеген әлеуметтік мәселелер ашылып жатыр.



Сапарбай ЖОБАЕВ,
қаржыгер-экономист:

— Маған «Қарызсыз қоғам» деген атаудың өзі қызық естілді. Оның үстіне, жобаны қаржыландыратын «Халық банк» дегенде тіпті таң қалдырды. Мен қаржыгермін. Бұл атау көзіме түскенде дұрыс қабылдамадым. Негізінде банктің жұмысы қаржы беріп, оны қайтару. Жобаның атауы Қазақстан банкітері жұмыс істемесін деген ойға алып келеді екен.

Айгерім РЫСБАЕВА,
«Қарызсыз қоғам» жобасының сарапшысы:

— Керісінше, біз халықты банктің өнімдерін тиімді мақсаттарға жұмсауды үйретеміз. Бірақ біздегі адамдардың санасында банк тек қарыз алу деп қана қабылдайтын ұғым қалыптасқан. Ал банктің ұсынып отырған түрлі депозитін қолдану жолын білмейді. Бізде қарапайым ғана алған несиемен уақытында жабу мәдениеті жоқ. Оның себебі қаржылық мәдениетке келіп тіреледі.

— «Банкроттық туралы» заңның әлі де бір қайнауы ішінде қалғаны айтылып жатыр. Халықтың сауатын арттырдык делік. Қаржыгер ретінде айтыңызшы, жоба қаржы ұйымдарын жағалайтындардың санын азайта ала ма?

Сапарбай ЖОБАЕВ,
қаржыгер-экономист:

— Бұл заң екі жылдан аса талқыланды. Бастапқы кездегі заң жобасының талабы бұдан да қатаң болды. Барлық адамның шартын орындауға мүмкіндік болса, кез келген адам өзін «банкроттық» деп жариялайтын еді. Екіншіден, өлгідегідей телефон алу үшін несие алғандардың үлесі 5 пайыз ғана, ал 99 пайызы мұқтаж болғандықтан қарыз алады. Қалай мұқтаж болып отыр? Оның себебі неде? Оны қалай төмендетеміз? Мәселе — осында. Сондықтан ең алдымен мәжбүр болған адамдармен шұғылдану керек.

Қарыз алу — әлемдік үрдіс. Сондықтан қарызсыз қоғам ешқашан болмайды. Оны біз жоя алмаймыз. Дүниежүзілік банк, халықаралық қаржы қорлары кейішілікте

Яғни бір қарызды төлеу үшін екінші қарыз ала берген. Мамандарымыз ол кісінің қарызын 8 несиеге дейін азайтып, 150 мың теңгедей ақшасын босатты.

Ең бірінші, кредитті уақытында жабуына көп көңіл бөлінеді. Одан кейін несиемен төлеудің жана графигі жасалады. Алған жалақысын бірден жоғары пайыздарды жапқызып, тек қана екінші деңгейлі банктің несиелерін кейінге қалдырдык. Бірақ ол үшін екінші деңгейлі банктерге хабарласып, төлем кабинетінің азаюына байланысты табысына шақтап төлем графигін өзгерттік. Мұндай мүмкіндіктен де халықтың көбісі хабарсыз. Соның адамдар банктен ақша алатын кезде үстінен қосылатын пайыз көрсеткішін есептемейді. Олардың ойынша, қысылып жатса қаржы ұйымынан несие алуға құштар. Өйткені қаржы ұйымдарынан бір қонқырау арқылы онлайн ақша ала береді. Меніңше, қаржы ұйымдарына заң тарапынан қатаң шектеу енгізілу керек. Егер лицензия алуға талапты күшейтсек, халық та онай несиеге жүгінбес еді.

— Биыл ел ішінде көп жүрдіңіздер. Депутат ретінде халықтың айтарына құлақ түрдіңіздер. Осы жобаға қатысты халықтың талап-тілегі, айтар ұсынысы бар ма?



Мақсат ТОЛЫҚБАЙ,
Мәжіліс депутаты:

— Алматы облысының біраз ауылы араладым. Барлық аудандарда халықпен ашық кездесулер өтті. Әрбір жиынға 800-900 адамнан жиналды. Сонда көп мәселе айтылды. Соның ішінде осы кредитін жаба алмай отырған халықтың жанайқайы да көп жеткізілді. Сотқа беріп соңғы мүлкінен айырылайтын деп жатқандар да болды. Өздерініз айтпақшы, екінші бірінші басында несие бар. Партия ұйымдастырған сауалнама нәтижелерін де көрдім. Сөйтсе, кредит алғандардың 60 пайызы несие алатын кезде «Айына қанша төлеймін?» деп қана сұрайды екен. Оның үстіндегі пайызын ешкім сұрамайды. Құдды кредитті банк тегін таратып жатқан секілді. Ал жеті жылға несие рәсімдейтін болса, банкке 500 мыңды 1,5 миллион етіп қайтарады. Оны түсініп жатқан ешкім жоқ. Келісімшарттың соңғы беттерін ашып отырмайды. Одан кейін жастар арасындағы несие барлардың да қаржылық сауаттылығы төмен екенін байқайсың. Мысалы, зейнеткерлерді әлгіде айтқандай, балалары алдырады. Арасында дәрі-дәрмек алу үшін қарыз алатындары бар шығар. Алайда жастардың дені соңғы үлгідегі заттарды ұстау үшін кредит алады. Егер ол адам мобилограф секілді соңғы үлгідегі телефон қажет етілетін жұмыс істеп жүрсе телефон ауыстыруға болады. Әлгі телефон кем дегенде 30-40 мың табыс әкеліп отырса, қарсылық жоқ. Әйтпесе, мақтанш үшін алудың соңы жақсылық емес.

Банктер мен қаржы ұйымдары адамдардың төлем кабинетін тексермей қарыз береді. Мысалы, біреудің айлығы 90 мың теңге болуы мүмкін. Төлейтін несиесі — 120 мың. Ондайлар көп бізде. Сондықтан банкітердің табысына қарамай бетімен несие беруін шектеу керек. Адамдардың ары қарайғы күн көрісін де ойлауға тиіс. Сол үшін табысын заңды түрде растату қажет. Өр несиемен кепілмен беруді міндеттеу керек. Әйтпесе, біздегі банктер несиемен төлей алмай қалса, борышкердің ісін корректорға бере салатын оңай жолды тауып алған. «Айлықтан айлыққа дейін»

қаржылық және құқықтық сауаттылығын арттыру маңызды. «Қарызсыз қоғам» жобасы дер кезінде қолға алынған дұрыс бастама болды. Ендігі жерде бұл жоба барлық өңірде жұмыс істеген жөн. Себебі, кейбір өңірлердің халқына жоба жетіп жатқан жоқ. Оған бір партияның шамасы жетпейді. Президент айтқандай, бұл жобаны болашақта мемлекет деңгейінде үлкен бағдарламаға айналдыру қажет. Сондай-ақ көп адам жұмыста, офлайнға бара алмайтын үшін онлайн сабақтарды қарастыру керек шығар.

— Жобаға алдыңғы кезекте 8 өңірді таңдап алудың қандай себебі бар?

Айгерім РЫСБАЕВА,
«Қарызсыз қоғам» жобасының сарапшысы:

— Жобаны енгізетін алдында сұрау жүргіздік. Тапсау нәтижесінде қарыз өте жоғары деген 8 облыс таңдалды. Жобаның тағы бір ерекшелігі, біз тренинг өткізіп қана қоймай, ары қарай қатысушылармен



жұмыс істейміз. Мамандармен кері байланыс үнемі жүріп отырады. Әр қатысушыға хабарласып «Сізге берген білім тиімділігін беріп жатыр ма?» деп сұралады. Кері байланыс өте жақсы. Адамдар несие не екенін, оның екі түрлі жолы барын түсініп жатыр. Мысалы, қолында банктің шарттары да жоқ адамдар болды. Қарызды ары қарай жабу немесе онтайландыру үшін шартын жазып, банктен көшірмесін алуға болатынын да білмейді. Көбісі «қағазды жоғалтып алдым, осымен бітті» деп ойлайды. Банк тарапынан ақпараттандыру төмен. Қазір банк жүйесінде депозиттің түр-түрі ашылып жатыр. Бірақ халық депозит арқылы ақша табуды түсінебейді. Ауылда артық қаражаты бар адамдар ақшасын малға салады. Бірақ мұндай жолмен ақшасын өндіріп ала ма, жоқ па, екіталай. Ал депозитке салу арқылы қосымша қаржы табуға болатынын хабарсыз. Сондықтан банк қызметкерлері тарапынан түсіндіру жұмысы жүру керек. Айталық, адамдарға банкроттық, отбасылық шығын, депозит түрін таңдауға дейін оқыту курстарында толыққанды түсіндіреміз. Одан бөлек, мемлекеттің қолдау шаралары туралы да құлақтандырамыз. Түске дейін жалпы топпен сабақ өтеді. Түстен кейін әркім өз мәселелерін шешеді. Себебі бірі табысын көбейткісі келеді, екіншісінің басында 18 кредиті бар. Екеуіне күні бойы ортақ сабақ өту қызықсыз. Сол үшін түстен кейін жеке-жеке консультация алу мүмкіндігін де қарастырамыз.

Мақсат ТОЛЫҚБАЙ,
Мәжіліс депутаты:

— Сіздің айтып отырған мәселенің де орынды. Кредит мәселесін айтып, қаржылық сауаттылықты арттыру туралы сұрап хабарласатындар көп болды. Өңірге барғанда да басымдыды шайқап қайтамыз. Сол үшін аймақтардағы халықтың сауатын арттыруға көңіл бөлсек деген шешімге келдік. Мамандар өңірге барған соң тегін бармайтыны белгілі. Сондықтан екінші деңгейлі банктерге ұсыныс жасалды. Партия ішінен қолға алынған бастама халыққа ұнап жатса, Президентке жеткізіп, Үкіметтің деңгейінде көтереміз деген мақсат болды. Жалпы алғанда жобаның мақсаты да сол, елдің беті бері қарасын деген ниеттен туды. Кредит алғанда да келісімшартын оқып, саналы түрде шешім қабылдасын деген ой келді. Бұл жобамызға банктің қызығушылық тудыруының себебі бар. Бізге халықтың қаржылық сауаты артамын, ал банкке кредит алған адамның ай сайын несиемен төлеп, банктің бюджетін толтырып отырғаны керек. Әйтпегенде, олар да борышкерлердің артуынан шығынға батып жатыр. Миллиондап несие алып, артыныша телефонның өшіріп тастайды. Банкке де корректорға беріп артынан жүгіріп жүру тиімсіз. Бізге қазір сарапшы мамандардың ортақ ойын

саралап, заңға өзгеріс енгізіп, қажет болса жобаға қажетті ортақ ұсыныстарды дайындауға көңіл аударған дұрыс.

Сапарбай ЖОБАЕВ,
қаржыгер-экономист:

— Мемлекеттік кәсіпорындардың қаржысы мемлекеттік болып есептеледі. Бірақ ұлттық қордың бастықтары өздеріне 20-25 миллиондық айлық жазыла да, ал халыққа 85 мың айлық береді. Сөйтсе де «жәрдем беріп жатырмыз» деп жұртқа жар салады. Шын мәнінде миллиондап айлық алатын бастықтар шетелдергедей бюджетке салықты айлығына сәйкес төлеуін міндеттеу керек. Миллиардтап табыс табатын кәсіпорындарға да салықты табысына сәйкес белгілеген дұрыс. Біз болсақ, Президенттің осыдан 4 жыл бұрын айтқан ұсынысын төрт жылдан бері әлі күнге дейін мүжіп келеміз. Себебі біздің Үкімет өзінің қалтасындағы қаржыны медбикенің 10 пайызынан асырғысы жоқ. Халықпен бірдей 10 пайыз төлегенді құп көреді. Енді қараңыз, әр жылы инфляция деңгейінде әр саладағы маманның айлығын көтереді. Медбикенің айлығы 100 мың болса, 10 пайызға көтерілгені 110 мың болады. Бюджеттен қаржыландырылатын олигархтардың айлығы 20 миллион болса, айлығының үстіне 2 миллион қосылады. Президент оларға айлықтарын көтеруге шектеу қойды. Бірақ заңда төлемдерге шектеу қойған жоқ. Бюджет шығындарын қарасаңыздар, байлардың айлығына кететін қаржы әр жылы 10-15 пайызға артып отыр. Яғни біздегі байлар 2 млн алып, баудың үстіне байып, ал осал жандарға қосылған 10 мың бағанын инфляциясына жұғым болмайды. Инфляция 20 пайыз болған соң одан бетер сіңіріліп жатыр. Бұл менің ойым шығарып отырған дүние емес. Өркеніетті елдегі жүзеге асырылып отырған механизм. Ал бізде мұны созып жатыр.

— Жер қойнауын пайдаланып жатқан квазимемлекеттік кәсіпорындар жылдық кірісінің 1 пайызын ғылымға бөледі деген заң бар. Бірақ қазір солар халық түгілі, ғылымға бір пайызды бермейді екен. Оларға арнайы заң әзірлеу керек шығар.

Сапарбай ЖОБАЕВ,
қаржыгер-экономист:

— Бұл Президенттің берген тапсырмасында айтылды. Мысалы, Америка бюджетінің 30-35 пайызы жеке адамдардың табыс салығынан қалыптасалды. Қосымша құн салығы — 15-20, корпоративтік табыс салығы — 10-15 пайыз. Ал бізде қосымша құн салығы — 35-40 пайыз етіп, халықтың мойнына салып қойдық. Корпоративтік табыс салығы — 30 пайыз. Ал бай адамдардың төлейтін айлығы бар болғаны — 10 пайыз. Яғни біздің бюджетімізде байлардың баюына мүмкіндік жасалған. Біз осыны Президент айтқандай, 25 пайызға жеткізбесек, халықтың жағдайын көтереміз деген біздің әңгімесіміз қиял-ғажайып ертегі. Халықтың сауатын ашқанымен, жағдайы жок болса ажал жок қарызға бата береді.

Айгерім РЫСБАЕВА,
«Қарызсыз қоғам» жобасының сарапшысы:

— Бізде де бұл бойынша ұсыныстар бар. Мәселен, бізде еңбекқакысы 25 АЕК-ке дейін болса, оған да 10 пайыз жеке табыс салығын міндеттейді. 25 АЕК төмен болса 90 пайыз жеңілдігі бар. Меніңше, осы 25 АЕК-ті неге 125 АЕК дейін жеткізбесек? Себебі көзгіңің нарық заманында 25 пайыз өте төмен қаржы. Жобаның тағы бір тиімділігі, бізде заңгерлер тобы жұмыс істейді. Соның арқасында 1390 алаяқтық әрекетке тосқауыл қойылды. Сондай-ақ біздегі коллекторлық компаниялар ешқашан заң талабын сақтамайды. Ақпараттық құпиялық жоқ. Оның соны суицидке апарып жатыр. Бізде мынандай да сұмдықтар бар. Мысалы, банкте бір алаяқтық жұмысқа кіргізіп қояды. Ол көзіңгі қарапайым банк қызметкерінің міндетін атқарады. Бірақ оның артында алаяқтардың компаниясы жұмыс істейді. Жұмыстан шыққан кезде банктің барлық құпиясын біліп шығады.

Сапарбай ЖОБАЕВ,
қаржыгер-экономист:

— Тағы бір айтарым, «Банкроттық туралы» заңды жұмсартса берсек, банк жүйесінің тас талқанын шығаруымыз мүмкін. Мысалы, Германияда банкрот болса, табысыңды басқа бір ұйым алып отырып несиемен жүйеленіп отыратын қызмет бар. Банкрот болғаннан кейін де табысыңды алатын жүйе бар. Ал бізде төлем кабинетін орнына келтіру мақсат етеді. Өркеніетті елдерде қарыз алған адамға жауапкершілік жүктейді. Бізде мүлкіне тиіспеге керек деген жеңілдіктің өзі көп адамға үміт сыйлап отыр. Кредитін бүгін төлеп берсең, екінші күні несие алғандар да болды. Өкінішке қарай, бізде жауапкершілік деген жоқ.

Айгерім РЫСБАЕВА,
«Қарызсыз қоғам» жобасының сарапшысы:

— Жұмыссыздықты бұл жоба шеше алмайды. Алайда мемлекет тарапынан қолға алынған жатқан бағдарламалар барын барынша жеткіземіз. Бүгінде «Ауыл аманаты» деген несиелендіру болып жатыр. Оның да талаптарын білмейді халық. Соның барлығын тренинг аясында түсіндіріп халыққа жеткізіп отырмыз. Яғни халыққа тек қаржылық қана емес, әлеуметтік мәселесін шешудің жолдарын да қамтуға күшімізді салып жатырмыз. Тығырыққа тірелген адамдар болса, заңгерлерге жібереміз. Өтініш пен электрондық кілт алуды білмейді. Банкроттықты қарыздан құтылу үшін оңай жолы деп ойлайды. Ақпаратты қабылдау деңгейі сондай болып тұр. Мысалы, бізде 18 жастағы бала өзін банкроттыққа берген.

Елімізде орман және балық шаруашылығында жұмысшылар тапшы. Мамандар оның себебін жалақының төмендігімен байланыстырады.

Жалақы КҮТКЕН ДӘРІГЕРЛЕР

Назгүл НАЗАРБЕК

Салдарынан мамандардың саны азайып барады. Мәселен, орман және ағаш кесу саласында орташа жалақы 120-дан 140 мың теңгеге дейін ғана. Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы саласында 180 мың теңгеге жуық айлық алады. Бұл елдегі орташа жалақыдан төмен.

Сол сияқты жуырда шымкенттік мал дәрігерлері жалақының аздығына наразылық білдірді. Олар бар-жоғы 109 мың теңге жалақы алады екен.

Мал дәрігерлері Шымкент қаласын мегаполис болғанымен халқының жағдайы жақсы деп айта алмайтынын жеткізді. Бір топ мал дәрігері жиналып, осылайша өкпе-ренішін жеткізді. Мал дәрігері Ержігіт Байданов «өзге мегаполистермен салыстырғанда шымкенттік мамандардың айлығы өте төмен» дейді. «Айлықты айлыққа жеткізе

алмай, несие алып отбасын бағуға мәжбүрміз» деп ашынды.

Айта кетейік, үшінші мегаполистегі ветеринария бөлімінде 85 дәрігер жұмыс істейді. Олар «қаңғыбас» жануарларды тексереді, егу жұмыстарымен айналысады, жануарлар сырқаттанса емдеп, аурудың алдын алу шараларымен айналысады. Бүгінде мал дәрігерлеріне сұраныс бар, бірақ оларға медициналық жәрдемақы немесе басқа да төлемдер қарастырылмаған. Мал дәрігерлері 109 мың теңге жалақыдан артық емделуге арналған ешқандай медициналық жеңілдіктің де жоқ екенін жеткізді. Денсаулыққа қауіпті, вакцина егу жұмыстары да осынау мамандардың мойнында. Сондықтан


мал дәрігерлерінің ашынатынындай жөні бар. Болмашы жалақының өзін екі айлап алмай қалатын күндер болады. Мәселен олар тамыз айынан бергі жалақыны әлі алмапты.

Шымкент қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ерлан Әденов тамыз және қыркүйек айларының жалақысы жолданып жатқанын, бүгін-ертең қолға түсетінін айтты. Ал жалақының аздығы бойынша ұсыныс енгізіліп, алдағы күндері қалалық мәс-

лихатта қаралмақ. Онда да бұл мәселе келесі жылдың еншісіне қалуы мүмкін.

Қалай болғанда да ауыл шаруашылығы саласының маңызды факторы саналатын ет-сүт, азық-түлік өнімдерінсіз күніміз жоқ. Жалақының аздығы маман тапшылығына келіп тіреледі.

Жалпы ветеринарлардың жалақысының аздығы бірнеше уақыттан бері көтеріліп келеді. Тіпті өткен жылы Үкімет сағатында да сол кездегі Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев бұл мәселені көтерген. «Ветеринарлардың жалақысы төмен, ал олардың жұмысы өте қауіпті және олар үнемі үйден тыс жерде, сапарлар-



да болады. Республика бойынша мал дәрігерлерінің орташа жасы — 40-55 жасты құрайды. Өкінішке қарай, жастар ветеринарлардың оқуын оқығысы келмейді. Себебі олардың жалақылары төмен, ал жұмыстың көлемі үлкен», — деген болатын. Одан соң, Ауыл шаруашылығы министрлігі төрт жыл ішінде ветеринарлардың жалақысын кезең-

кезеңімен екі есеге арттыруды қамтитын ветеринария жүйесін реформалау бойынша ұйымдастырушылық іс-шаралар жоспарын бекіткенін айтқан. Осынау ақпараттан соң мал дәрігерлері елендеп қалған-ды. Алайда одан бері тағы бір жыл сырғып барады. Өзгеріс жоқ.

Шымкент қаласы

БЕДЕУЛІК АЖЫРАСУҒА СЕБЕП ПЕ?

Елімізде бедеулік диагнозы қойылған 20 мың әйел мен 4 мың ер адам есепте тұр. Әрі мұндай азаматтардың саны жылдан-жылға көбеймесе, азаймай тұр. ДДСҰ-ның дерегіне, еліміз белсіздік пен бедеуліктің белең алуынан кейбір Еуропа елдері мен АҚШ-тың өзін басып озған.



Елшір ҚАБА (қолжазба)

Жанель ҚҰТТЫБАЙ

ӘРБІР АЛТЫНШЫ ЖҮП БАЛА СҮЙЕ АЛМАЙ ЖҮР

Статистика бойынша 2000 жылдары еліміздегі бедеуліктің көрсеткіші 8-10% аралығында болса, қазір 16-17%-ға жеткен. Бедеулік салдарынан кейде отбасының шаңырағы бұзылады. Бұл мәселе көптеген ерлі-зайыптылардың ажырасуына басты себеп болып отыр. Дәрігерлердің айтуынша, «бедеуліктің негізгі себептері жыныстық жолмен берілетін инфекция, жатырдың өспеуі, аналық бездің ұрықты дұрыс шығармауы, түтікшелердің бітеліп қалуы» екен.

Егер отбасы бір жылдың ішінде жүкті болмаса, ол кезде медицина қызметкерлері бедеулік деген диагноз қояды. Оның бірнеше себептері бар. Бедеулік әсіресе әйелдерде жиі кездеседі. Өйткені бала көтере алмауы — тікелей жатыр түтікшелерінің жұмысына байланысты. Табиғатта аналық және аталық ұрық жатыр түтікшесінің ішінде кездеседі. Ол әрі қарай ұрыққа түсіп, жүктілік береді. Егер жатыр түтікше дұрыс қызмет атқармаса немесе бітеліп қалса, ол кезде табиғи жолмен бала көтеру қиын болады, — дейді репродуктолог Ислам Ергалиев.

Психолог мамандар «әйел адамның психологиясы да бедеулікке әсер етеді» дейді. Яғни, реніш, ызса сезімдерін жене алмаған жағдайда денсаулыққа тікелей ықпал етеді деп тұжырымдайды. Сол себептен бедеулікке тап болған әйелдің психологиясы жұмыс істеуі де маңызды дүние.

— Психоналитикалық практикаға сүйенетін болсақ, сәби ансап жүрген әйелдер психологияның көмегіне жүгінуі керек, себебі әйел адам өз бейсанасындағы шиеленістердің шығаруында қалып қояды. Әйелдің бала көтеру мүмкіндігіне физиологиясы мен психологиясы да қатты әсер етеді. Яғни, өз ата-анасымен қарым-қатынасындағы шешілмеген қақты-

ғыстар, атап айтсақ, психоанализ тілінде бейсаналы идентификация, ана болуды құнсыздандыру, өкпе, реніш сияқты сезімдер жатады. Бедеулік әйелдің жанына ауыр стресс. Стресс кезінде пролактин гормоны жоғарылап, овуляция тежеледі. Психологияның негізгі жұмысы — әйелдегі қайғыны басынан өткеруге көмектесіп, әйелдегі стрессті азайту, — дейді психолог Балжан Сайдахметова.

СӘБИ СҮЮДІҢ БІР ЖОЛЫ — ЭҚҰ

Бала сүйе алмай жүрген отбасылар экстракорпоралды ұрықтандыру әдісіне жүгінеді. Яғни, өздігінен жүкті болуға денсаулығы жарамайтын әйелдерге қолданылатын репродуктивті технология. Еліміздегі бұл технология тарихы XX ғасырдың 90-шы жылдардан бастау алады. Жасанды жолмен ұрықтандыру арқылы алғашқы сәби Қазақстанда 1996 жылы дүниеге келген. Денсаулық сақтау министрлігінің соңғы мәліметі бойынша бүгінге дейін елімізде экстракорпоралды ұрықтандыру әдісі арқылы 22 мыңнан астам сәби дүниеге келген екен. Бірақ ЭҚҰ әдісінің бағасы тым қымбат. Дегенмен де бұның да шешімі бар, ол — квота. ЭҚҰ бағдарламасы бойынша елімізде 2010 жылдан бастап квота бөлінуде. Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл «Аңсаған сәби» мемлекеттік бағдарламасы бойынша тегін ЭҚҰ жасатуға 7000 квота бөлінді. 2021 жылы квотаның саны бес есе көбейді: 1,3 мыңнан 7 мыңға дейін. 2022 жылы квота бойынша 6,4 мың қазақстандық отбасы ЭҚҰ процедурасынан өтті. Квота бедеулігі бар кез келген әйелге беріле бермейді. Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен талаптарға сай беріледі. Яғни, квотаны алу үшін ерлі-зайыптының екеуі де ҚР азаматы болуы; міндетті медициналық әлеуметтік сақтандырудың (МӘМС) төлемшісі болуға тиіс, жүктілікті жоспарлап, бірақ бір жыл ішінде жүкті бола алмаса, бедеуліктен емделмесе, оның да

пайдасы жоқ. Бұдан бөлек квотаның қосымша талаптары бар.

— Квотаға ие болу үшін әйел адамға үш талап қойылады. Біріншісі, аналық ұрықтың санын білдіретін гармондардың саны 1-ден жоғары болу керек, екіншісі, аналық ұрықтың сапасының деңгейі 12-ден төмен болуы қажет. Үшінші талап, ультрадыбыстық зерттеудің нәтижесіне қараймыз. Ал ер адамға бір талап, ол сперма тапсырып, концентрациясы 10 млн-нан жоғары болса, аталық ұрық ең сапалы класстардан көрінсе, квотмен әрекет жасауға болады, — дейді репродуктолог Ислам Ергалиев.

Елімізде жыл сайын жасанды жолмен ұрықтандыру арқылы бала сүйген жандар аз емес. Экодан кейін өзі табиғи жолмен көтеріп кетіп жатқандар да бар. Жасанды жолмен бала сүйіп, тағы да бала сүю үшін осы әдіске барғысы келетіндер де кездеседі.

— Мен 7 жылдай бедеулікпен жүрдім. Сосын 2021 жылдың басында «Аңсаған сәби» мемлекеттік бағдарламасын естіп, арнайы тексерістерден өттім. Нәтижесінде, жүктіліктің 39 аптасында кеселмен босанып, қызым дүниеге келді. Қызым желтоқсанда 2-ге толады. Егер әлі де табиғи жолмен жүктілікке мүмкіндік болмаса, квотаға жүгінеміз, — дейді Гүлшехра Амантай.

Тағы айтып өтетін жайт, кез келген жұп жасанды жолмен бала сүйе алмауы мүмкін. Себебі ұрықтың сапасы нашар болса, жасанды ұрықтандырудың көмектесуі екіталай. Осы тұрғыда дәрігер оның кезеңдерін айта келе, бұл әдістің түкен секілді жай ұрық сағып ала салатын оңай дүние емес екендігін ескертті.

— Алдымен ерлі-зайыпты тексерілуден өтіп, оның нәтижесі жақсы болатын болса, бағдарламаны бастаймыз. Ол бірнеше кезеңнен тұрады. Біріншісі, әйел адамға гармоналды препараттар береміз. Басты мақсат — көбірек ұрық алу. Екінші кезең ер адам өз ұрығын тапсырып, барлық аналық ұрықты аталық ұрықпен ұрықтандырамыз. Ондағы себеп — сапалы эмбриондар жасау. Сосын оның жұмысын жатыр қуысына салып, қалғанын қатырып сақтап қоямыз. Эмбрион салғаннан кейін кейде әйел адам оның сапасының төмендігіне қатысты көтере алмауы мүмкін, — дейді репродуктолог Ислам Ергалиев.

Қорытындылай келе, бедеулік тек екі адамның мәселесі ғана емес, тікелей елдің болашағына ықпал ететін әлеуметтік мәселе. Жылына ЭҚҰ-ға 7 000 квота бөлінгенімен, тіркеуде тұрған отбасылардың саны өсуде. Тіпті, көмекке жүгінбей жүрген жұптар да аз емес. Ендеше әлде де бедеуліктің алдын алуға болатын бағдарламаларды көбейту қажет. Әрі халыққа бағдарламалардың үгіт-насихаттарын көбірек жүргізген жөн.

КҮРМЕҮІ КӨП «КҮНДЕЛІК»

(Басы 1-бетте)

Көктем ҚАРҚЫН

Айта кету керек, «Күнделік» барлық мектепте 2030 жылға дейін қолдануға міндетті жалғыз электронды жүйе. Ерлан Сайыровтың пікірінше, «Күнделіктегі» мәліметтер жоғалса, жарнама берушілерге сатылса немесе астыртын зиянды жолмен қолданылса, кім жауап береді? Бұл сала монополиялық реттеуге мүлде жатпайды, сондықтан бәсекелестік болуы шарт. Жақында тұра осындай шетелдік қызмет болып саналатын «Яндекс таксидегі» ересектердің жеке мәліметі мәселесі қоғамда қызу талқыланды. Ал «Күнделік» — балалармыздың жеке мәліметіне қол сұғып, рухани келбетіне кері әсер ететін, ұлттық қауіпсіздіктің тамырына балта шабуға қабілетті өзекті проблема. Балалардың санасы мен ұлттың ертеніне төнген қауіпті ескеріп, Үкімет шұғыл әрекет етуі қажет.

ЖАРНАМАЛЫҚ ТАБЫСЫ ЖАҚСЫ

Жалпы электронды күнделік — маусымдық өнім. Себебі оқушылармен тікелей байланысты болғандықтан, шәкірттер де, ата-аналар да қаникул кезінде онлайн күнделіктің бетін ашпайтыны мәлім. Алайда еліміздегі жүз мыңдаған педагог күн сайын кірген соң Kunderlik.kz жаз кезінде де рейтингте алғашқы ондыққа кіреді. Электронды күнделікті пайдаланатындардың 51 пайызы мектеп оқушылары, 13 пайызы мұғалімдер болса, 36 пайызы — ата-аналар. Жақында ата-аналар мен мұғалімдер үй тапсырмасы және бағалардан бөлек, платформада басқа да көптеген жарнамалардың жиі кездесетінін айтып дабыл қақты. Оқу процесіне қатысушыларға тамақ пен әшекей, кино мен киімдердің жарнамасы қажет пе деген сұрақ туындайды. Тіпті электронды күнделікте жұмсақ матрасты жарнамалайтындыр кезіктіре аласыз. Білім сарапшысы Мейіржан Темірбектің айтуынша, Kunderlik — жеке-меншік компания. Мемлекет тарапынан ақша төленбейді. Жарнама арқылы күнін көріп отыр. Қазнетте рейтинг жағынан алдыңғы орында. Қолданушылары өте көп. Бұл платформа Ресейдегі «Дневник» платформасына ұқсас, бірақ ішкі функциялары біздің Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтарына қарай көп өзгерген.

— Электронды күнделіктің бетіндегі жарнамалар көз сүрінді. «Жарнама салмаңдар» деп платформаға тағы айта алмайсың. Өйткені, олар Үкіметтен ақша алып отырған жоқ. Жарнамадан түскен қаржымен күн көріп отыр. Қызметкерлерінің айлықтарын да сол табыспен төлеп отыр. Біз «Неге жарнама көп?» деп шағымданғанда осындай дәлелдер айтқан. Күнделіктің жұмысы әлі бір жүйеге келтірілмеген. Автоматтандыру жағын реттеу керек, — дейді Мейіржан Темірбек.

Оның пікірінше, электронды журнал, күнделік, цифрландыруды жүзеге асырып жатыр

демесең бұл жүйенің өзгертетін тұстары көп. Ұстаздар бір сабақты толтыру үшін үш-төрт бет ашып, әлекке түседі. Одан кейін сайт мыңдаған мұғалімнің кіргенін көтермей, істен шығады. Сонында рейтинг дұрыс болмағаны үшін тағы да мұғалім сөз естиді.

Ал компанияның жарнамадан қанша табыс табатыны белгісіз. Біз Kunderlik.kz-ке жарнама беруші ретінде хабарласып көрдік.

— Жарнама беру үшін бізге уақыттың аралығы мен қай қалаларға жарнама жасайтынынызды айтсаңыз жеткілікті. Бізде баннерлік, мақала жазу мұғалімдерге арналған арнайы бөлім сияқты жарнама түрлері бар. Жарнаманың бағасы белгіленген уақытқа және аймаққа тікелей байланысты. Мысалы, рес-

ле де осы. Шетелдіктер жасаған платформаға үрке қарайды. 7 жылда Оқу-ағарту министрлігінің отандық электронды журнал жасауына да болар еді. Бірақ құзырлы орган бұл мәселеге мойын бұрғысы келмейді. «Күнделікке» дейін де орта білім саласында электронды платформалар болған. Айталық, 2008 жылдары пилоттық жоба ретінде Маңғыстау облысының мектептеріне Мектеп.Edu жобасы кен таралды. Жүйе мектеп мұғалімдері үшін сабақ беру процестерін электронды форматқа, ал ата-аналар үшін сынып журналы, күнделік, мектепке қарым-қатынас құралы ретінде жасакталған болатын. Содан бері бұл жоба Маңғыстау өңірінде сәтті қолданысқа еніп, барлық мектептер белсенді жұмыс істеді. Алайда арада



публикада 700 мың мұғалім бар. Сондай-ақ білімге қатысты жарнамаларға жеңілдік қарастырылған. Егер сіз Астана қаласы бойынша екі айға сайтқа жарнама орналасатын сағасы 650 мың теңге тұрады. Максатты аудиторияда балалар жоқ болса, ата-аналар мен мұғалімдерге арналған жарнамаларды да бере аласыз. Жарнама белгілі бір талаптарға сай келуі керек. Көбінесе дұрыс тамақтану, оқу-ағартуға, тұрмыстық қолданысқа арналған жарнамалар шығады. Осындай жарнама аламыз деген шектеу жоқ. Трафик көп болғандықтан ала береміз. Жарнамалар асып қалатын болса, біз оны Яндекске сатып жібереміз. Оқу ағарту министрлігі сайтты қадағалап, бақылаудан өткізіп отырады, — дейді Kunderlik.kz сайтының менеджері Ардақ.

Компания ешқашан мемлекеттік субсидия алмаған. Оқу ағарту министрлігі де бұл жобаны қаржыландырмаған екен. Сондықтан пайдаланушылар көретін жарнама — бұл жұмысшылардың енбегін, жалдау ақысын және салықтарды төлеудің жалғыз тәсілі. Сондай-ақ, осы табыстан электронды порталды дамытуға инвестиция да салынады екен.

КҮНДЕЛІККЕ БАЛАМА ҚОСЫМША БАР МА?

6 500 мектеп пен 7 миллионға жуық қолданушысы бар «Күнделік» платформасында ақпараттық қауіпсіздік қаншалықты сақталады? «Жарнамамен жан бағамыз» деп өздерін ақтаған компанияның миллиондаған оқушының жеке дерегін қолды қылып жібермесіне кепілдік бар ма? Қоғамды алаңдатқан мәселе

жылдар өтіп, 2012 жылы ұлттық E-Learning жобасы келгенде, бұл жобаның қажеттілігі шектеліп, тоқталды. Кейін E-Learning жобасы да ұзаққа барған жоқ. «Күнделік» қолданысқа енгеннен кейін бұл жоба да қолданыстан шықты. Бүгінде Bilimland компаниясы «Күнделікке» балама «Білім класс» журналын шығарып отыр. Жаңа оқу жылынан бастап, Ақтөбе облысы «Күнделік» электронды журналынан бастарып, «Білім класс» журналын қолдана бастады. Себебі өңірде «Ақтөбе облысындағы шағын жинақты мектептердің әлеуетін арттыру» атты пилоттық жоба жүзеге асырылып жатыр.

— «Білім класс» журналы қолданудың өз артықшылығы болады. Мұнда ауыл мектептерінің мұғалімдері үшін электронды нұсқада дайын материалдар жүктеледі. Барлық цифрлық ресурсты тегін қолдана аламыз. Онда 26 мыңнан астам сабақ, 8 мыңға жуық пайдалы ақпарат орналастырылған. Бәрі мұғалімге, оқушыға қолжетімді, — дейді Ақтөбе облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Нұрғұл Бертілеуова.

Пилоттық жобалық еліміз бойынша Ақтөбе, Ұлытау, Түркістан облыстарына қолданысқа енген. «Білім класс» жүйесі тек қана электронды журнал емес. Бұл жерде 37 пәннен тұратын сабақтар мен тақырыптық жоспарлар да қамтылған. Оқушылардың қозғалысын бақылайтын арнайы функция да қамтылыпты.

Ендеше «Күнделіктің» орнын алмастыратын, отандық платформалар бар. Ал оның оқушылар мен мұғалімдер үшін қаншалықты тиімді екенін уақыт көрсетеді.

ИЕН ҚАЙДА, АҚБОЗ АТ?

(ТОРТАЙЛАР МЕН ТҮЛПАРЛАР НЕМЕСЕ ОРАЛХАНҒА ОРАЛУ)

Оралхан Бөкейдің әр кейіпкері — өз алдына бір әлем. Ойлы оқырманның миына әбден шегеленіп қалған ғажайып әрі пердесіз персонаждың біреуі — Тортай. Иә, сол кәдімгі Тортай. Орағаннның жұрт жаппай оқыған «Тортай мінер ақбоз ат» атты әйгілі әңгімесінің бас кейіпкері. Салықсалғанның иығына қонған аядай ауылдың перзенті. Өзі тұлдыр жетім. Жүас. Жасқаншақ. Оның үстіне, құлағының қақасы бар. Алыстан қосылатын жамағайынның есігінде жүріп, бұзау бағып күнелтеді. Бірақ бұзаудан басқа да шаруасы жоқ миғұла бала емес. Арманшыл. Адал. Ақкөңіл. Күндіз-түні кітап кеміреді. Оқымаған шығармасы жоқ. Тек соның бәрін талғамай жұтады. Өйткені қолына ілінген кітаптың бірін қалдырмай құнығып оқиды. Сондықтан білмейтін мәліметі, келтірмейтін дерегі жоқ. Ауыл балаларының ішіндегі ең «ғұламасы» осы. Онысымен қоймай, келешекте атағы жер жарған жазушы болғысы келеді. Арманындағы ақбоз атқа мініп ап, алыс көкжиекті шарлап қайтқанды көңілі қалап тұрады. Оның осы ерекше құлшынысына жазушыға икемді, бастықтың баласы болса да, қарапайым қалпынан айнымаған Ораштың өзі қызығады. Сондықтан ол Тортайға үнемі жақын жүреді. Тіпті, оны Салықсалғанның ұшар басындағы тас қорымның үңгіріне дейін іздеп барып, тауып алады. Екеуі түнімен қою қараңғылық құшағында бірге жатып, таң атқанша сырласады.

Ақыры Тортайдың армандаған ақбоз аты Ораштың тақымында кетеді. Кейін танымал жазушы атанып, елге демалысқа келгенде өзін арнайы іздеп шығып, ауызғы үйде шешесімен күбір-күбір сөйлесіп тұрған Тортайға жолығуға ұялады. Бір кездегі тілеулес жолдасымен жүздесуге дәті бармай, диваннан белін көтере алмай, шойырлып жатады. «Ақбоз атты несіне қайтаруға кеш еді» дейді ол. Осы туындыда Тортайдың Орашқа ертегі айтып отыратын жері бар. «Баяғыда бір жетім бала болыпты» деп басталатын сол ертегінің жалпы сұлбасы ғана есінде. Тек Ораш соның қалай аяқталатынын ұмытып қалыпты. Әңгіме соңына жеткенде «Е, осылай аяқталады екен ғой» деп күрсінеді белгілі қаламгер.

Қо-о-ош, Тортай жалғыз емес-ті. Оның тағдыры — талап бітсе де, қанат бітпеген, қанат бітсе де, бақ бітпеген, бақ бітсе де, бап бітпеген бірталай баланың ортақ тағдыры еді. Балағының биті бар талай ұлан таңдаған жолынан қиыс кетті-ау дейсің кейде...

Құттыбайтүбектің қолтығы мен Жұмқанжарманың жауырынына қоныс тепкен біздің Қаратереңде де талантты Тортайлар баршылық еді. Менің классымда бір емес, тоғыз Тортай оқыды. Шетінен қабілетті. Шығарма жазса, шырып түсіреді. Сөйлемдерінің арасына қыл сыймайды. Мектеп қабырғасында жүргенде ет қызумен повесть жазып жібергендері де бар. Өйткені бізге әдебиет пәнінен дәріс беретін мұғалімдеріміз керемет білімді болатын. ҚазГУ мен ҚазПИ-дің фифағін қызыл дипломмен бітіріп келген өндірдей жанапшыл жастар, парасатты педагогтер еді. Класымдағы бозбалалар мен бойжеткендердің шабытына шабыт қосып, Тортайларды топырлатып көбейткендер де солар. Біз оларға желімдей жабыстық та қалдық. Шынында да, кластарымының жазу стиліне кәдімгідей таңғалатынмын.

Жалпы, біздің Қаратерең — қара сөзден құйын ойната білетін ауыл. Сол ауылдың бесіктен басын шығарып, тілін шайнап жататын беймаза балалары қаламгерлікке бет бұрған соң не жорық, қағаз бетіне түсірген сөйлемдерінің сөлі ағып тұрады. Қаралай қызығам. Енді керемет! Сол тоғыз Тортайдың қатарына мен қосылдым. Осы қазаққа «Тоғыз тонқылдақ, бір шінкілдек» деген ертегі бар емес па еді?! Құлды сол... Бірақ менің қарымды һәм дарынды кластарымының ешқайсысы жазу өнерін қумады. Түрлі себеп... Бәрі де Тортай секілді жұпыны емес-ті. Қай-қайсысының да қарағайдай әке-шешесі бар-ды. Көңілдері қаламаған болар. Шарты келмеген шығар. Әйтеуір, менен басқасы жұр-фаққа жолаған жоқ. Әйтпесе, қаламнан ажырамағанда бір кластың ауасын бірге жұтқан Нұржан Төлегенов, Гүлбарам Әжмолдаева, Роза Лиясова, Пернегүл Қосбармақова, Ертапап Батаманов, Жаксыбике Қайырлапова, Сәулеш Жүрімбаева, Төлебай Махамбетов, Гүлнәзид Омарова сынды кластарымы жазу додасына бір бүйірден ат қосары анық-ты. Олардың ансары болған ақбоз аттың бүгінде қай қыр мен қай қыратта жосып жүргенін кім білсін?!



Солай... Сонымен, Тортай — қабілет-қарымы өзгеден асып тұрса да, тағдырдың шырмауынан шыға алмай, қаламгерлікке қолы жетпеген қазақ баласының бейнесі. Ұлт топырағында Тортайдан көп пенде жоқ. Себебі кез келген ұл-қыз сөзін жұптай біледі, көбі ұйқас өріп, өлең құрай алады. Бірақ олардың бәрі бірдей жазу өнерінің данғыл жолына түскен жоқ. Яғни, Тортай армандаған ақбоз аттың жалына қол арта қоймады. Кейбірі тіпті оны іздемеді де. Қысқасы, ат-патпен шаруасы болмады. Содан соң олардың арманына айналған ақбоз аттар, яғни сөз өнерінің сәйгүліктері қаламына қадамы сай өзге қыз-жігіттердің тақымына қыр арқасын тосты. Солардың жүгені мен ер-

тұрманына құлдыр ұрды. Ал енді олар алысқа шабатын ақбоз аттың башы шабандозы бола алды ма, ол енді басқа әңгіме...

Сөйтіп, тұлпарлар үйірге қосылып, доғаға араласып кетті де, Тортайлар қырда қалып қойды. Қазіргі әдебиеттің бір тұсы олық соғып тұрғаны дәл осы Тортайлардың жоқтығынан емес пе екен?! Ал ақбоз ат болса, алға қарай дамылсыз жүйткіп барады. Үстінде далақтап келе жатқан сол бір адам оның Иесі ме, әлде Кисесі ме, ол да белгісіз... Сондайда «Иен қайда, ақбоз ат?» деп жан ұшырып тұрып, бар даусыңмен айғай салғың келетіні-ай...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

Сыр сандықты АШЫП ҚАРА



Сыр бойында сыры ашылмаған ежелгі қалалар аз емес. Сонау оғыздар мен қыпшақтар тайпасынан бастап, Қазақ пен орыс хандығының байырғы өркениеті құм қойнауында әлі күнге дейін құпиясын бүгіп жатыр.

ШІРІК-РАБАТ МӘДЕНИЕТИ

Тарихи тереннен тамыр тартатын Сыр аймағында Сырдарияның бойын жағалай қоныстанған ескі қалалардың орны жетерлік. Археологтер көне қалалардың сырны тереңінен бойлап, жылма-жыл зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Бірақ әлі де атқарылған істен атқарылар жұмыстардың ауқымдылығы байқалады. Археологтердің мәліметіне сәйкес, Сыр бойындағы ежелгі қалалардың, қалыптасу, даму және гүлдену кезеңдері ерекше сипатқа ие. Соның ішінде Сырдария жағалауындағы алғашқы қалалардың қалыптасу кезеңін сак өркениетіндегі Шірік-Рабат мәдениеті деп санайды.

Зерттеу нәтижелері Сырдария сақтарының мәдениеті біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықтың екінші жартысында гүлденген деңгейіне жеткенін көрсетеді. Сол кезеңде Іңкәрдария арнасы Жаңадария арнасына ауысып, негізгі су жолына айналған деседі. Бұл уақытта Сырдария сақтарының жерінде тек бекіністі ірі қоныстар ғана емес, қалалар да салынған. Сол уақытта адамдар егіншілікті кәсіп етіп, шет аймақтармен экономикалық және мәдени байланыстар орнатуға ерекше мән беріпті.

«Жалпы бұл өркениет б.з.д. IV-II ғғ. қанатын кең жайып, Шірік-Рабат қаласы Арал маңы сақтарының астанасына айналғандығы белгілі. Бұл мәдениетке

ордан шыққан топырақтан сыртқа дуал тұрғызылған. Бұл жерде қала жұртында қоныстанудың бірнеше кезеңі болғаны айтылады.

ЖАНКЕНТ ПЕН ЖЕТИАСАР – ТАРИХИ ОРЫН

Ортағасырлық Жанкент қаласы — IX-XI ғасырларда Сырдың төменгі ағысында өмір сүрген Оғыз мемлекетінің астанасы. Ортағасырлық араб деректерінде Жанкент қаласы Қарыят ал-Хадиса, ал-Мадина ал-Джадида деп аталса, парсы деректерінде Дих-и-Нау деп көрсетілген. Ал түркі тілінде жазылған еңбектерде Янгкент атауларымен кездеседі. Бұл атаулар қазақша аудармасында «жана қала», «жана қоныс» мағынасын береді екен.

Ең алғаш рет 1867 жылы П. Лерх және геодизист М. Приоров Жанкентте археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген. 1946 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы С. Толстовтың жетекшілігімен алғаш әуеден суретке түсіріп, жоспарын жасалған.

Археологтің мәлімдеуінше, 2005 жылдан бастап Жанкент қаласының орнында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің, Ресей ғылым академиясы Этнология және антропология институтының және Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының біріккен археологиялық экспедициясы тұрақты түрде қазба жұмыстарын жүргізіп келеді.

Сонымен қатар сыр өңірінде сак дәуірінің Шірік-Рабат мәдениетінен кейін Жетіасар қалашығы бой түзейді. Сол заманда бұл Орталық Азия халықтарының этногенезінің қалыптасуына орасан зор ықпал етеді. Жүздеген жылға созылған атакты Жетіасар мәдениеті Куаң бойында қанатын жаяды.

Бұл біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықтың соңы мен VIII-IX ғасырларға дейін тіршілік етіп, жалпы саны шамамен 50-ден аса қамал-қала бой көтерген. Дерекке сәйкес оның 27-сі Жетіасар алқабында 5-7-ден топ-топ болып, Сырдарияның көне салаларының бірі Куандария мен

Ескідариялықтың ондаған ұсақ тарамы мен қолдан қазылған арықтарының бойына салынған. Қазір қалашық үйіндісінің биіктігі 18-20 метрге жетеді. Қорған іші тұрғын үй, зәулім сарай және қолөнер шеберлері тұратын бөліктерге бөлінген.

Жетіасар шатқалында 1946-1948 жылдары ХАЭЭ алғаш археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде С. Толстов тұңғыш рет жетіасар мәдениеті қалаларын құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты үш топқа бөледі. Соның ішінде зәулім ғимараттары бар бекіністі үй-жайлар, мықты қорғаныс жүйесі мен көптеген әртүрлі үлгідегі тұрғын үй құрылыстары бар қамалдар анықталған.

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде ортағасырларда қайта суланған Іңкәрдарияның және Жаңадарияның жағалауларында көптеген бекіністі қала пайда болғаны нақтыланған. Соның негізінде Жетіасар шатқалының солтүстік-батысында, қазіргі Сырдарияның сол жағалауында Сортөбе I, Сортөбе II сияқты қалалар бой көтереді. Сол сияқты Арал теңізінің шығыс маңында Кескен-қулық қала, Күйік қала, Жанкент сынды «батпақтағы қалалар» мәдениеті қалыптаса бастайды.

ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ НЕ КӨРСЕТТІ?

Жалпы, Сыр бойын жағалай қоныстанған ескі қалашықтарда тұрған адамдар негізінен егіншілікпен айналысқаны қазба жұмыстары барысында нақтыланып отыр. Соның ішінде Шірік-Рабат мәдениеті тоқтағаннан кейін өңірде су арнасының ауысып кеткені байқалған. Соның салдарынан халық жаппай қашуға мәжбүр болған. Ал Жетіасар мәдениеті тұсында қалалар башықтың үстіне тұрғызылыпты. Сондай-ақ қалалардың бір-біріне өте жақын орналасқаны анықталып отыр. Бұл да сол заманда Сыр бойында су арналарының көп болғанын аңғартса керек.

Жалпы Сыр бойынан 150-200-ге тарта ескі қалалардың орны табылып отыр. Бұл қалалардың бірі мықты бекіністі болса, келесісі ашық қоныс түрінде тұрмыс кешкені дәлелденген. Археолог мұндай ескі қалаларды зерттеу жұмыстары жыл сайын жалғасып келе жатқанын алға тартады. Биылғы жылы ежелгі кезеңдерден Жакент, Қышқала, Қаратау беткейіндегі Сығанақ сынды ежелгі қалаларға қазба жұмыстары жүргізіліп жатыр екен. Қазба

жұмыстарының нәтижесінде көптеген тың дерекке қол жеткізіліп отыр.

«Біздің зерттеу нысанамыздың бірі — Жанкент бұған дейін IX-XI ғасырларда өмір сүрген деп айтылып келген болатын. Алайда 2005 жылдан бері қарай жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бұл қала жайында 250-ге жуық нақты дананы анықтадық. Соның негізінде бұл қаланың тарихы VI-VII ғасырға тұспа-тұс келетінін дәлелдей алдық. Бұл әлем бойында бір ескерткішті зерттеу барысында қол жеткізген жетістігіміз деп айтуға толық негіз бар. Сонымен қатар кейбір деректерде Шыңғыс ханның әскері Жанкент қаласын басып алғаны айтылады. Бірақ зерттеу барысында Шыңғыс ханның әскері келемін дегенше Жанкент өркеніеті толық тоқтағаны белгілі болды. Яғни, Шыңғыс хан жорығы басталғанша 200 жыл бұрын Жанкент қаласының өмірі тоқтаған. Бұл да тағы бір тарихи қате деректерді нақтылап отыр», — дейді орталық жетекшісі Әзізжан Тәжекеев.

Оның айтуынша, сонымен қатар Жосалы кенті аумағындағы Ордазы қалашығына да зерттеу жұмыстары жүргізілген. Сол аумақтағы Қорқыт ата кешеніне жақын орналасқан Сортөбе I, Сортөбе 2 және Сортөбе 3 қалашығы VII-IX ғасырларда өмір сүрген деп болжанған.

Негізінен, тарихи деректерде Қорқыт бабамыздың Жаркентте өмір сүргені, сол жерде ханның үзегі болғаны жайында деректер айтылады. Ал Сортөбе I қалашығындағы үйлердің ішкі құрылымы мен жиһаздары қонысы болғанын айғақтай түсті. Сонымен қатар Сортөбе 2 қыпшақтар мекендеген қала болуы мүмкін деген де деректер таптық. Қызылорда қаласы маңында ежелгі Қышқаладан ашылған медресенің орны, Арал теңізінің кепкен табанынан Алтын Орда дәуіріне тиесілі ескі қалашықтың табылуы да үлкен жұмыстардың нәтижесі саналады. Осыған қарап Қышқала сол кезеңдегі Алтын Орданың негізгі бөлігі болғаны да болжанып отырғанын мәлімдеді.

Жалпы, археологтің пікірінше, Жент қалашығының негізгі орны әлі күнге дейін нақтыланбаған. Сонымен қатар тарихи мәліметтерде қате деректер көп. Ал жүйелі түрде зерттеу, қазба жұмыстарын тиянақты жүргізу үшін көп жағдайда қаржы тапшылығы пен маман жетіспеушілігі қолбайлау болатынын алға тартады.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы



ОҢТҮСТІКТЕ АЙЫПТАЛҒАН

Алаш ардақтылары

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау – мемлекеттік маңызға ие өзекті мәселе. Бүгінде кеңестік Қазақстандағы репрессия құрбандарына қатысты құпия архив материалдары мейлінше зерттеп-зерделеніп, тасада қалған тұлғаларға қатысты мұрағат құжаттары ғылыми айналымға біртіндеп еніп келеді.



казак съезінде Алаш автономиясы ресми түрде жария етілмей қалса да, Мәуленкүл Байзақовтың есімі Алаштың Түркістандағы қанатының белді мүшесі ретінде тасқа басылған тарих бетінде де, ел аузында да мәңгіге сақталып қалды.

1919 жылы 28 мамырдағы Өлке-лік қырғыз курсы бітірген Мәу-

туралы да аз-кем мәлімет келтіріліпті. Сондай-ақ 1933-1936 жылдары Ташкенттегі «КазИнПросты» басқарған Байзақов алапат аштықта жетім-жесір мен жок-жұқаналарға көмек беріп, балаларын мектеп-интернаттарға кіргізген.

Сөйтсе де, жүрегі алтын Алаш Сарысы 1938 жылы 20 қаң-

партия қатарына да қабылданбаған. Тұтқындалғанға дейін туған ауылында, қараша үйінде қалт-құлт етіп, егіншілігін кәсіп етіп тіршілік кешкен. Жұбайы Зүлпия 1895 жылды тумасы болса, үлкен қызы Мәдина 1924 жылы, кіші қызы Нәмина 1932 жылы, үлкен ұлы Мірхайдар 1936 жылы дүниеге келген екен. 1931 жылы ОГПУ тарапынан мемлекеттік маңызға ие тапсырманы дер кезінде орындамағаны үшін сотты болып, 1 жылға бас бостандығынан айырылып, оған қоса 4 жылға Қазақстаннан тыс жерге күштеп айдалған Алаш ардақтысының бауырының басына 1937 жылдың 9 тамызында қайтадан қара құлт үйіріліп, ОҚО, Қызылорда аудандық НКВД бөлімі КСРО ҚК-ның 58-10, 58-11 баптары бойынша абақтыға қайта жауып, ұлтшылдық контрреволюциялық ұйымның сойылын соққаны үшін айыптаған. Осылайша, УНКВД үштігінің 9 қазандағы шешімімен тұтқынға қатысты тын айқастардың табылуына байланысты тергеу ісін тағы да соза түседі де, 1937 жылдың 1 қарашасында ең ауыр жаза – ату жазасына кесіп, үкім екі күнен кейін, 3 қарашада орындалады.

Ал тектінің туысы Мұртазаға қарағанда болсақ, «Мұртаза Шоқаев – Қазақстанда кеңінен қанат жайған контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның белсенді мүшесі. Олар бетперде тағып, қанша жерден жымсық ниетін жасырса да, тиісті орындарға оның бәрі бұрыннан аян. Көксемгендері – Кеңес үкіметін күйрету қуалапты, қазақтың байтақ даласында буржуазиялық-ұлтшылдық мемлекет құру. Тергеу анықтаған айғақ-фактілерді тарқата түссек, азамат Шоқаев Мұртаза бошай руынан. Атасы Торғай патшалық Ресей патшасында таққа қонған хан болған, патша үкіметінен мақтау-марапат, тарту-таралғы алған тап жауы. Ал әкесі Торғаев Шоқайға келер болсақ, ол да шон шонжар. 10 жыл болып, батырақ атаулыны қан қасқатып, бұл патшадан талай мәрте сыбаға-сыйлығын алған. «Қауын пәлегінен алыс кетпейді» дегендей, Мұртазаның өзі де қанына тартқан бүлікші. Ол 1930 жылға дейін ауылдағы ең ықпалды атқамінерлердің бірі атанып, ниеті қара рулық топтың бас дем берушісі болған.

Нақтылы дәйектерді сөйлетеік. Ол 1922 жылы Сұлтанбек Қожанов арқылы шетелдегі ақ эмигрант ағасымен берік байланыс орнатып, бұл жасырын қарым-қатынас 1934 жылға дейін сақталған. Тіпті, Мұстафа Шоқаев пен Сұлтанбек Қожановтың тапсырмасымен Қызылорда ауданында диверсиялық-төңкерісшіл, ұлтшылдық ұйымның іргесін қалап, оған туысқан інісі Қалмұхамедов Мырзеке мен тағы басқаларды қатарына тартқаны үшін қатаң жазаға кесілсін» делініпті.

Дегенмен 1956 жылдың 30 қыркүйегінде Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының

Президиумы аталған істі қайта қарап, «Саяси сүргіндегі тергеу кезінде көп қысым көрген М. Шоқаев пен М. Қалмұхамедов антикеңестік ұйымның ұраншысы болғанын толық мойындап, бар құжатқа бармақтарын басқанымен, қос азаматтың қылмысын дәлелдейтін нақтылы айғақтар анықталмайды» деген шешімге келіп, 30 желтоқсандағы аталған қылмыстық істің күшін жояды. Яғни, «Қазақстандағы ұлтшыл-фашистердің ұясын Қожанов, Рысқұлов, Жандосов үштігі, шетелдегі орталығын Шоқаев басқарды. Мұртаза осы ұйымның жергілікті жердегі жасырын агенті ретінде қолхоздардың қуатын кемітіп, кеңестік шаруашылықтың экономикалық қуатын құлдыратуға күш салды. 1934 жылы Қоканға барғанында жергілікті 40-қа тарта байдды жасырын топтастырып, төңкеріске қарсы жиналыс өткізді. Осы құпия кеңесте оларға ағасы Мұстафаның хатын оқып беріп, бас көтерер шпиондардың бәрін шаруаларға, Кеңес үкіметіне қарсы күреске үндеді» деген сияқты сыңаржақ сандырақ айыптардың да ақиқаттан алыс жатқаны тәуелсіздік дәуірінде анықталып та жатыр. Алайда күні кешеге дейін Мұстафа Шоқайға қатысты қоғамда бірқатар теріс пікірдің қылаң бергені де жасырын емес.

Тіпті, «Боюшы, боюшы деген Тсайын сақалын бояпты» демекші, белгілі ақын Қасымхан Бегмановтың «Мұстафа Шоқай жолымен» атты деректі фильмін көрген өскемендік журналистер Д. Данилевский мен С. Михеевтер Мұстафа Шоқайды «фашист, сатқын» деп әбден балағаттап жазған мақалаларынан сон режиссер К. Бегмановтың Өскемен қалалық сотында жеңіліп қалуы бүкіл елді дүр сілкіндіргені анық. Осыған байланысты М. Шоқайдың ең жақын туысы ретінде Сарыағаш ауданы Мақташы (ауылы) елді мекені Кошқарата ауылдық округінің тұрғыны Нәмина Мұртазаева жүргенісі екі журналисті ұлт тұлғасына жала жапқаны үшін сотқа жүгінуге тура келіп тұрғанын айтып, Мұстафа Шоқайға туыс екенін растайтын құжаттар сұрап, ОҚО ҰҚК басшысына өтініш жолдаған. Әрі М. Шоқайдың туған інісі, өз әкесі Мұртаза Шоқайдың Шымкент қаласында қамауға алынып, осы қалада жазықсыз атылып кеткені де тілге тиек етіп, өзінің Мұстафа Шоқайдың туған інісінің перзенті екенін дәлелдейтін анықтама-құжаттар беруді сұрап, сондай-ақ бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне үлгі тұта болатын шығарма жазу үшін, атасының есімін толық ақтап алу үшін Мұртаза Шоқай мен Мырзеке Қалмұхамедовтың тергеу материалдарын сұраған.

Бұл әулеттің қаншама тар жол, тайғақ кешуді бастан өткізіп, көрген қиындықтарын әлі де айтып жеткізу мүмкін емес.

Сейдахан ӘЛІБЕК,
тарих ғылымдарының докторы

“
Мұстафа Шоқайдың інісі Мұртаза (кейбір деректерде Нұртаза С. Ә.) Шоқай да қуғын көріп, қасірет шекті. Мұртазаға қатысты қозғалған №0503 қылмыстық іс турасындағы мұрағаттық анықтамаға көз жүгіртсек, ол 1890 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылорда ауданына қарасты №14 ауылда дүние есігін ашыпты.

ленкүл Байзақов бастауыш қырғыз мектебінің оқытушысы толыса келе тілшілікке де бет бұрып, «Ақ жол» газетінде де бірқатар мақаласын жарыққа шығарды. Соның бірі – «Түркістан халық ағарту бөлімі» атты материал.

Онда ағартушы 1921 жылдан бермен қарай Түркістан үйезі халық ағарту бөліміне басие болатын ұлтжанды басшы құтаймай, келуінен кетуі тез болған келімсек хәм кеудемсоқ менгерушілердің жергілікті жұрттың ұлттық болмысын, дәстүр-салтын танып білу тегілі қазақша тіл сындыруға талпынудың орнына, «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарсаң салып», ешкімнен кеңесіп жатпай-ақ кесімді бұйырығын қолма-қол шығарып, ұлт мектептеріндегі ұстаздық қызметке өзбектерді жіберіп жатқан жүгенсіздігін айыптай жеткізеді.

Ары қарай «...Интернатты Алсак, Түркістан үйезінен ашылған екі қазақ интернаты бар. Оқитын баларының саны 200-ден аса, тұрмыстары өте нашар, киім жок. Жаланбас, жалаңаяқ. Төсек көрпе-жастық сияқтылардан еш нәрсе жоқ, лас. Бұған қарап отырған ағарту бөлімі тағы жоқ. Бұған сәбепкер хукімет басында отырған азаматтарымыз болса керек. Бұл оқу-оқыту істерінің қайткенде оңалатынына көз жіберілмесе, елді ағарту орнына қарайту болып шығуы мүмкін», – дей келіп, оқу-ағарту ісіндегі олқылықтарды орынды сынапты.

Бұлайша айтқанда, 1900 жылы Осы Түркістан өлкесінің «Жалғыз ағаш» ауылының тумасы, Алашорданың белді мүшесі, ортаазиялық техникалық институтының түлегі, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас мал маманы-зоотехник Байзақов саяси репрессия тұсында Шымкентте тұтқындалған. Сонымен қатар 1911 жылы туған жары Махинұр, 1930 жылда дүние есігін ашқан қызы Ләйлә мен 1936 жылғы ұлы Пархат

Қазір ақпараттық технологиядан хабары бар әрбір қазақстандық күніне кемінде 100 минут уақытын интернетке жұмса, сарапшылардың есебінше, смартфон иелерінің 60 пайызы мобильді интернетті өте белсенді пайдаланады. Ақпараттық қосымшалардың арқасында адамдар күнделікті тұрмысын өз уақыты мен ыңғайына икемдеуге әуес. Инновациялардың көмегімен күрделі іскерлік операцияларды жүзеге асыру үшін уақыт тығыздығы, жер қашықтығы деген ұғымдар кедергі болудан қалып бара жатқаны да рас. Осы ретте IT саласының мамандарын көптеп даярлау, оларды қолдау уақыт талабы болып отыр. Жас мамандардың айтуынша, елімізде венчурлық қаржыландыру мен инвестиция тарту мүмкіндігі өте аз. Бүгінде 90-95 пайыз IT маман иелері қолдаудың жоқтығы салдарынан шетелге кетуге немесе басқа кәсіппен айналысуға мәжбүр. Фазиз Құлахметпен болған әңгімеде отандық ғылымның жетістіктері, бүгінгі IT саласындағы мәселелер туралы сөз қозғадық.

— Фазиз мырза, сіз депутат кезінде еліміздегі мүгедектігі бар азаматтардың жағдайына баса мән беруге үлдейтін сауалдар жолдалдыңыз. Айтыңызшы, бұл мәселеде біз қандай шаралар қабылдауымыз керек?

— Бізде бір жарым миллионнан аса адам қауіпті, ауыр өндіріс орындарында жұмыс істейді. Оның 900 мыңы ер адамдар болса, 600 мыңға жетер-жетпесі әйел адамдар. Қауіпті, ауыр өндірістерде жұмыс істейтін адамдардың зейнет жасын неге қысқарту керек? Ең алдымен жұмыссыздық мәселесін шешу маңызды. Одан бөлек, біздің кеншілеріміз бен шахтерлардың өз кәсіби сырқаттары бар. Шахтада жұмыс істейтін адамдардың буын аурулары, тыныс жүйелерінің аурулары көптеп кездеседі. Сондай сырқаттар нәтижесінде зейнет жасына жетпей денсаулығын құртып, дүние салып жатқандары да жоқ емес. Мүгедектердің саны да көбейіп жатқаны жасырын емес. Әлбетте, кездейсоқ жол апаттары мен түрлі жағдайға байланысты мүгедек болып жатқандар мен тұқым қуалайтын жолмен мүмкіндігі шектеліп жатқан адамдар да бар. Сондықтан қолдан келетін дүниелерді профилактикалық жолмен шектеу мүмкіндіктерін қарастыруға ниетіміз бар. Өндіріс орындарындағы шынайы жағдайларды қарастыруымыз үшін бізге нақты ақпараттар мен деректер керек. Еліміз 2017 жылы денсаулық режимі деген халықаралық келісімшартқа қол қойған. Яғни, онда өндіріс орындарында жарақаттану мүмкіндіктерін шектеудің қандай жолдары бар деген секілді ішкі ережелері қамтылған. Сонымен қатар қазіргі басты мәселелердің бірі жастардың ауыр жұмыстарға баруға ниетінің жоғы болып тұр. Бұл жерде таяқтың екі ұшы бар. Біріншіден, рас, неге жастар ауыр жұмыстан қашады деп айтуымызға болады. Бірақ білімі бар адам неге ауыр жұмыстарға бару



керек деген мәселе де бар. Жалпы, жастар баратын жұмыс орындары көп пе? Бұл да өз кезегіндегі басты мәселелердің бірі. Мүгедектердің саны мен екі жыл бұрын депутат болып келген кезімде 695 мыңнан асатын, бүгінде 700 мыңнан асып кетті деген ақпарат бар.

Мысалы, қанша адам ауыр жұмыс орындарында жұмыс істейді, олар қанша уақыт сайын медициналық тексерулерден өтеді. Бірақ көп жағдайда жұмыс берушілер көп ақпаратты жасырады. Ауыр өндірістерде құлақтың естуі нашарлап қалатын жағдайлар бар. Сол құлақтың мүмкіндігін болдырмау үшін қандай жағдайлар жасау керек. Жұмыскерлердің құлағына арнайы құлаққаптар кигізу керек деген секілді. Ал жұмыскерлер көздеріне түрлі жағдайдан қорғайтын арнайы көзілдіріктер кию керек. Мұндай техникалық сақтық шаралары қолданылмайтын жағдайлар көптеп кездеседі. Осындай еңбек мәдениетіне келуіміз керек.

— Мемлекет басшысы соңғы уақыттары IT мамандарын көптеп даярлауға тапсырмалар беріп, көңіл аударып келеді. Осы ретте біздің елімізде IT мамандары көбіне елімізден гөрі шетелде жұмыс істеуге ынталы болып келеді. Мұның себебі неде деп ойлайсыз?

— Бізде Үкімет болсын, салалық министрлік болсын, алдағы болашаққа мақсат қойған кезде ол мақсаттың толық мүддесін аша білу керек. Мәселен, Мемлекет басшысы өз Жолдауында «100 мың IT маманын үш жылда дайындауымыз керек», — деді. Бұл мәселе реттілік пен нақтылықты қажет етеді. Мысалы, IT саласының өзі бірнеше салаға бөлінеді ғой. Компьютер жөндөйтін мамандар бар, компьютердегі кейбір операцияларды орындайтын мамандар бар. Бағдарламаларды ойлап табатын мамандар бар деген секілді. Осылардың қайсысына нақты көңіл аударуымыз қажет?! Мәселе — осында. Егер адамдардың ақпараттық технологиялар жайлы сауаттылығын арттыру арқылы IT мамандарын 100 мыңға көбейтеміз десек, онда, әрине ол мақсатқа жетуге болады. Ал жастардың шетелдерге кетіп қызмет етуін мен қалыпты дүние деп қабылдаймын. Жастарды тек елішілік жобалармен қалып қойғанды жарты жолдан тастап кетеді. Сонымен қатар кез келген стартаптың командасына да байланысты. Командаға нағыз мамандарды тарту да бір мәселе. Кез келген кәсіпкер өзінің бастағалы отырған кәсібінің өміршеңдігін бағдарлай алуы қажет. Мысалы, бізде графикалық ойындар жасау да кемшін түсіп жатыр. Қарапайым Беларусь мемлекеті осы графикалық

ойындар жасауда қазір алдыңғы орындарда.

— Жас кәсіпкерлерді қолдау, стартаптарға қолдау көрсету елімізде қаншалықты? Елімізде кейбір жобалардың аяқсыз қалып жататыны туралы жағдайлар жиі ұшырасады.

— Жалпы, жас кәсіпкерлерді қолдау үшін елімізде нарықты қорғау шараларын жасау қажет. Елімізде IT мамандары көп ақша табады деген ұғым қалыптасқан. Егер әрбір адам өз саласының нағыз маманы болса, сол саласында жақсы қаражат табуына мүмкіндік мол. Жастардың өздерінің жобаларын іске асыра алмауының басты себебінің бірі — тәжірибенің жеткіліксіздігі дер едім. Бизнес саласында жүрген адамдардың өмірлік тәжірибесі болады. Біздің елімізде кез кел-

Фазиз ҚҰЛАХМЕТ, IT сарапшысы:

ЕЛ БОЛАШАҒЫ ҮШІН IT САЛАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

лар бар. Біріншіден, «бизнес-періштелер» сіздің бизнес-идеяңызға мән береді, бизнес жоспарыңызды қарайды, солайша бастағалы отырған кәсібіңіздің өміршеңдігіне бағдар жасайды. IT саласы — әлі мүмкіндігі толық ашыла қоймаған сала. Кез келген IT жобаны іске асыру үшін маркетингтік шығындар туралы да ұмытпауымыз керек. Жалпы алғанда, жастарға барлық жағынан қолдау керсетіп, олардың жобаларын дамыту керек: гранттар бөліп, инвестицияларды тарту қажет.

— Президент биылғы Жолдауында жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлау қажет екенін айтты еді. Бұл салаға бет бұруға қалай қарайсыз?

— Ең алдымен жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін түсініп алуымыз керек. Жасанды интеллект сіздің айтқан сөзіңіздің, атқарған іс-әрекеттеріңіздің математикалық есебін шығарып

ларды даярлауға келейік. Негізі, бұл эволюциялық жолмен дамитын сала. Егер ел ішінде отандық IT саласының мамандары аз болатын болса, кадр даярлаудың да мүмкіндіктері кеми бермек. Сондықтан ең бірінші біз IT мамандарының саны мен сапасын арттыруымыз қажет. Біздің Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі экспорттық дәрмені бар компаниялардың экспорттық әлеуетін жетілдіру үшін АҚШ-та Silk Road (Жібек жолы) деген арнайы хаб ұйымдастырып жатыр. Бұл жобаны егер отандық IT компаниялар кремний алқабына немесе АҚШ нарығына шыққысы келетін болса, бастапқы көмекті көрсету үшін ұйымдастыруда. Ол жерде қазір Әсет Әбдуалиев деген жігіт басшылықта қызмет атқарып жатыр. Сондай ақпараттық технологиялық орталықтар, яғни біздің ұғымымыздағы хабтар Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка өңіріне, Араб

бар. Сауд Арабиясында «гараж» деген акселерациялық бағдарламасы бар, сол секілді Google-дың да осындай бағдарламалары бар. Соған қатысу арқылы IT нарығындағы бизнесті жасақтау, бизнестің құрылымын жүргізу, оның оң мен солын таңуға көмек беретін іс-әрекеттермен танысасыз. Бұл саяси шешіммен реттей салатын дүние емес. Оларды да үйрететін орта керек. Біз де әлі ондай орта қалыптаса қойған жоқ. Сондықтан да «экспорттық компанияларға жағдай жасау керек, сатып алуда да оларға ба-

сымдық беріндер» деп біздің Мемлекет басшысының айта-тыны — осы. «100 мың IT маманын дайындау» деген кезде де негізгі идея осыдан туған болуы керек. Салалық министрлік жыл сайын «цифрлы көпір» деген іс-шара өткізеді. Соның биылғы іс-шарасының негізгі тақырыбы жасанды интеллект болмақшы.

— Келешекте көп дүниені жасанды интеллект алмастырады деген қауіп басым. Бұдан қорқымыз керек пе? Әлде дұрыс қабылдаған жон бе?

— Әлемде ертең осы ЖИ бізге өзіміздің ақпараттымызды өзімізге қарсы қолдануы мүмкін бе деген аландаушылық бары рас. Бұл туралы фильмдер де түсіріліп жатыр. Бірақ біз заманның дамуына орай икемделіп, бейімделу жағын көбірек ойлануымыз керек. Оның пайдасын көбірек анықтауымыз керек. Айталық, экономист мамандарының кәсіптік тұрғыда алдағы он жылда



“

Мәселе — осында. Егер адамдардың ақпараттық технологиялар жайлы сауаттылығын арттыру арқылы IT мамандарын 100 мыңға көбейтеміз десек, онда, әрине ол мақсатқа жетуге болады.

ген бір жобаға патент алу, лицензиялау деген онай шаруа емес. Бұл жағдайда біздің қабылданған заңдарымыз да күрделі. Бірнеше сатыдан тұратын күрделі процессті бастан кешіруді жастар көп көтере алмай қалып жатады. Сондықтан олар бастаған жобаларын жарты жолдан тастап кетеді. Сонымен қатар кез келген стартаптың командасына да байланысты. Командаға нағыз мамандарды тарту да бір мәселе. Кез келген кәсіпкер өзінің бастағалы отырған кәсібінің өміршеңдігін бағдарлай алуы қажет. Мысалы, осы салада «бизнес-періштелер» деген кәсібіңізге инвестиция салатын компания-

отырады, алгоритмдерді ұсынады. Жасанды интеллекттің жұмыстарын қадағалау үшін де адам керек. Біз ЖИ-ді ешқашан қателеспейді деп айта алмаймыз. Бірақ қателесу мүмкіндігі аз болуы мүмкін. Мәселен, оның мүмкіндіктерін біз медицинада толық қолдана алмаймыз. Неге? Өйткені сырқат адамның дәлмеді диагнозын анықтап қана қоймай, оның ем-шараларын жүргізу үшін ота жасау керек пе, әлде қажеті жоқ па, соны анықтау үшін бірнеше жылдық тәжірибесі бар кәсіби дәрігердің көмегі керек болады. Себебі дәрігер ондай жағдайларда қалай әрекет ету керек екенін біледі. Енді кадр-

елдеріне және өзге де өсу мүмкіндіктері бар аймақтарға қарай тартылуы керек. Африка құрлығы әлі дами қоймағанымен, әлеуеті толық зерттеле қоймаған өңірге жатады. Халық өсімі өте жоғары. Ертеңгі сіз өндіретін өнімнің тұтынушыларының көбею мүмкіндігі кеңейе түсуі мүмкін. Коммерциялық мүмкіндігін ойлайтын компания осы бастан Солтүстік Африка, Мысыр елі, Алжир, Марокко секілді елдермен болашағын жоспарлап көргені дұрыс болуы мүмкін. Сондай-ақ біздегі нарықтағы IT мамандардың көзқарасын, танымын кеңейту үшін арнайы акселерациялық бағдарламалар

келешегі бар ма? Мәселен, қазір бухгалтердің оқуын оқу шарт емес, арнайы қосымшаларды менгеріп, курстарға қатысаныз жеткілікті. Сондай-ақ жана мамандықтар да пайда болып жатыр. Қазір әлеуметтік желілердің дамуына орай инстадизайнер, шарт мамандары пайда болды. Біз кәсіби мамандықтардан бөлек, қосымша дағдыларға қарай кетіп бара жатырмыз. ЖИ-ді менгеру арқылы сіздің нарықтағы бәсекелестікке төтеп беру мүмкіндігіңіз арта түседі. Цифрлы өлем адамның күнделікті өмірін өзгертуге, өмір сапасын арттыруға көмектеседі. Неге бүгінде Каспий теңізінің астымен байланыс жүйесін салғысы келіп жатыр. Себебі мамандардың айтуынша, ол идея жүзеге асатын болса, біздің ақпарат тасымалдау жылдамдығымыз 3 секундқа арта түседі. 3 секундтың өзі өмірлік маңызды шешімдер үшін маңызды зор болмақ, тіпті адам өмірін сақтап қалуға да болады деген сөз.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан А. ХАСАН

Адам өзінің есте сақтау қабілетіне нақты сенімді бола ала ма? Адам жады жалған естеліктерді сақтап қалуы мүмкін бе? Мәселен, сіз бұрын талай рет қайталап оқыған кітабыңызды тағы да парақтап отырсыз. Үтір-нүктесіне дейін жатқа білетін кітап мазмұнындағы әлдебір кейіпкердің сөзі сізге қанат бітірген еді. Сол сөзді тағы да оқымаққа бел будыңыз. Бұл жолы бұрын сіз жатқа білетін кейіпкер сөзі өзгеріп, сіз білетіндей емес, басқаша өрілгенін оқып таңғалдыңыз. Осы кітапты бірлесіп оқыған досыңыздың пікірін сұрағанда, ол да сіздің ойыңызды қайталаса ше? Дәл осындай мысалдарды кинолардан, бренд атауларынан, тарихи деректерден де кездестіріп қалуыңыз да кәдік. Себебі бұл – тәжірибеде кездесетін дүние. Бұл құбылыс «Мандела эффектісі» деп аталады.

МАНДЕЛА ЭФФЕКТИСІ:

Жадымыздағы жалған жазбалар

Наурызбек САРША

ҚҰБЫЛЫСТЫҢ АТАУЫ КАЙДАН КЕЛГЕН?

Мандела эффектісі Оңтүстік Африка президенті Нельсон Манделаның құрметіне аталған. Африкалық революционер, аңызға айналған саясаткер, апартеидке қарсы күрескер Нельсон Манделаны білмейтін жан кемде-кем. Ол бүкіл өмірін Оңтүстік Африка Республикасы үшін, терісінің түсіне қарамастан, барлық адамдар бірдей құқықтар мен бостандықтарға ие болатын демократиялық ел болу үшін күрескен болатын. Өткен ғасырда Оңтүстік Африканы жаулап алған акнәсілдердің «апартеид» атты заңды қоғамы құрылған еді. Яғни, нәсілдік теңсіздікке негізделген мемлекеттің халқы әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйе бойынша акнәсілдер бір бөлек, каранәсілдер бір бөлек оқшау өмір сүрді. Нельсон Мандела өз елінде тұрып, өгейдің күйін кешкен каранәсілдердің құқы үшін күресті. Оған осы белсенділігі үшін 1962 жылы әуелде өлім жазасына кесіп, кейін өмір бойы абақтыда отыру үкімін шығарды. Кейіннен бүкіл әлем қолдауына ие болған соң акнәсілді мемлекет басшылары оны 27 жылдан кейін абақтыдан босатуға мәжбүр болды. 1990 жылы абақтыдан босағаннан соң Африка Халық конгресі партиясының жетекшісі болды. 1994 жылы Оңтүстік Африка Республикасының президенті болып сайланды. Ол 2013 жылы 5 желтоқсанда 95 жасында Хоутондағы үйінде қайтыс болды.

Міне, қызық осы жерден басталады. Әлемде осы бір данқты тулғанын дүниеден өткенін хабарлап, БАҚ құралдары жар салып жатқанда дүниенің төрт бұрышындағы көп адам оның 80-жылдары бостандық жарығын көрместен, түрмеде қайтыс болғанын есіне түсіріп жатты. Тіпті, теледидардан жерлеу рәсімі көрсетілгені, марқұм туралы қайғылы естеліктер айтқан адамдарды тыңдағанын да жеткізіп жатты. Бұл адамдардың қатарында жазушы Фиона Брум да бар еді. Ол зерттеулер мен сауалнамалар жүргізіп отырып, көп адамның есінде қате сақталған басқа да оқиғалардың желісін де кездестірді. Ол бұндай естеліктер сезімнен кешкен жалғыз адам емес екеніне көзі жеткен соң, бұл құбылысты 2010 жылы «Мандела эффектісі» деп атап, жана термин енгізді.

ЖАРҚЫН МЫСАЛДАР МЕН ЖАЛҒАН ЕСТЕЛІКТЕР

Бәріміз кішкентай кезімізде «Қолтырауын Гена және Чебурашка» мультфильмін көрдік. Ондағы басты кейіпкерлердің істеріне кедергі келтіріп жүретін Шапокляк есімді тағы бір кейіпкер бар. Кейіпкер көрермен саналнамалар жүргізіп отырып, көп адамның есінде қате сақталған басқа да оқиғалардың желісін де кездестірді. Ол бұндай естеліктер сезімнен кешкен жалғыз адам емес екеніне көзі жеткен соң, бұл құбылысты 2010 жылы «Мандела эффектісі» деп атап, жана термин енгізді.



бар. Бірақ Шапокляк ешқашан өзімен бірге қолшатыр алмаған. Сонымен қатар көрермен оның көзінде көзілдірігі де болған деп сенімді айтады.

Ал Эдуард Назаровтың қасқыр мен иттің достығы туралы әйгілі «Жил был пёс» деген мультфильмін көрмеген бала жоқ шығар. Сонда қасқырдың итке қарата: «Ал сен егерде жолын түссе кір» (ну ты это, заходи если что) деген дәйексөзді ғаламторда ғана емес, футболқаларда, көліктерде, тіпті қабырғалардағы граффити түрінде де табуға болады. Бірақ мультфильмнің түпнұсқасында бұл



жай ғана «Заходи если что» деп қана айтылады.

Тағы бір мультфильмнен мысал келтірейік. Дисней түсірген «Ақшақар және жеті ергежейлі» мультфильміндегі зұлмы патшайымның әйгілі «айна, айна, патшалықта ең сұлу кім?» деген сөзін бүгінде әр сұлу айна алдында айтатынын білеміз. Бірақ кейіпкер айна сөзін екі рет қайталамай, тек «Қабырғадағы сиқырлы айна» деп қана айтады.

Құбылысқа қатысты мысалдың бірі, Борис Ельциннің отставкаға кетуіндегі өз сөзін былайғы көпшілік басқаша есте сақтаған. Өзінің лауазымынан кететіндігін Ресейдің бірінші президенті 1999 жылы 31 желтоқсанда тікелей эфирде жариялады. Шын мәнінде, Ельцин: «Мен кетемін. Мен қолымнан келгеннің бәрін жасалдым» деп айтқан. Көп адам бұл оқиғаны кейіннен культтік мәртебеге дейін көтеріп, мемге айналған «Мен шаршадым, мен кетемін» деген тіркеспен еске алады.

Американың өткен ғасырда танымал болып, әлемге тараған Only You әнін бүгінгі аға буын өкілдері сүйіп тыңдағанына күмәніміз жоқ. Бірақ көп адам бұл әнді «рок-н-ролл патшасы» Элвис Преслидің орындағанына сенімді. Негізінде, бұл әнді каранәсілді квинтет The Platters тобы орындаған. Бірақ көпшілік бұл әнді Преслидің қалай саханада орындағанына дейін көргеніне сенімді. Осыдан бес жыл бұрын еліміздің жарқын жұлдызы Димаш Құдайбергенов те осы әнмен аттас «Сен ғана» әнін орындағанда жер-



гілікті бірнеше БАҚ «Димаш Элвис Преслидің әнімен аттас әнді орындап шықты» деп жазған болатын.

Парижге барған туристер Огюст Роденнің ең әйгілі мүсіндік жұмыстарының бірі – «Ойшыл» мүсініне соқпай кетпейді. Роденнің өзі мүсінді «Ақын» деп атады – ол «Тозақ қақпаларының» керемет композициясын тәж етіп, күнәһарлардың азабын жоғарыдан бақылап тұрған Дантени бейнеледі. Мүсіннің түпнұсқасы Париждегі Роден мұражайында қойылған. Біршама адам Роденнің «Ойшыл» жұдырығын мандайына тіреп тұр деген сенімде, шын мәнінде мү-



сін қолын мандайына емес, иегіне тіреп тұр. Тіпті, барған туристер мүсіннің алдында мүсіндегінің қолын иегіне емес, мандайына тіреп түскен суреттер жертерлік.

Сондай-ақ тарихқа қатысты көптеген адам Ресейдің Аляска өңірі II Екатерина кезінде сатылған деп сеніп келген. Бұл өңір кейінірек, II Александр тұсында болғаны көп жанға жаңалық болып естілген.

Мандела әсері қоғамның брендке деген көзқарасын да өзгерте алады. Танымал KitKat шоколады атауы қос сөздің арасында сызықша бар, яғни Kit-Kat деп жазылған деп ойлап келген. Бірақ бренд атауының арасында ешқашан таңба болмаған.

Осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Егер қызықтырса, ғаламтордан оның сан үлгілерін көруге болады.

САРАПШЫЛАР МЕН МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Бұл құбылыс бүгінде әртүрлі мамандар арасында үлкен пікірталас тудырды. Олар бұл құбылысты әртүрлі теориялар мен көзқарастар тұрғысынан түсіндіруге тырысты. Түрлі теориялар болғанымен,

Ну ты, это,
заходи,
если что



Заходи,
если что



бүгінде бұл құбылыстың не үшін пайда болатындығы нақты белгісіз. Медициналық және ғылыми жетістіктерге қарамастан, жалтын қалай жұмыс істейтіні туралы әлі де шешілмеген жұмбақтар көп. Ең көп таралған түсініктеме бұл адамның жадының жұмысына байланысты деп болжайды. Ал бұл түсінікті психология мен неврологияны зерттеушілердің басым көпшілігі жоққа шығарады. Психологтер Мандела әсерінің пайда болуын есте сақтаудың бұзылуына немесе бұрмалануына байланысты бірқатар психикалық процестен туындайды деп есептейді. Бірақ бұл психикалық ауытқуға жатпайды дейді олар. Олардың пікірінше, біз жадымыздағы әртүрлі оқиғаларды бейсаналы түрде ойдан шығарып отырамыз. Жалтағы ақпараттарды өңдеу кезінде миымыз әртүрлі аймақтарына белгілі бір ақпаратты жіберетін нейрондар жүйесі іске қосылады. Ақпарат осы жерлерде, соның ішінде гиппокампта немесе префронталды қыртыста сақталады. Барлығы мидың оны қалай өңдейтіндігіне байланысты. Яғни, Мандела әсеріне жалтағы ақпараттардың пайда болуы ғана емес, оны қалпына келтіру әрекеті де әсер етеді. Кейбір сарапшылар бұған гипнозды ақпараттар себеп деген пікірін келтіреді. Мысалы, сіз бір идея ойлап таптыңыз делік. Идеяны өзіңіз ойлап тапқанға қаншалықты сенімді болғаныңызбен ол әлдебіреуден естіген ақпараттың арқылы сіздің жадыңызға өтуі мүмкін. Уақыт өте келе ол сіздің меншігіңізге айналады.

Кейбір дәрігерлер Мандела эффектісін конфабуляцияның бір түрі деп санайды. Конфабуляцияның жалпы ұқсастығы – «адал өтірік айту». Адам өтірік айтуды немесе басқаларды алдауды мақсат етпей, жалған жады жасайды. Оның орнына олар өздерінің жадындағы бос орындарды толтыруға тырысады.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫНЫҢ ӘСЕРІ

Бүгінде ғаламтордағы ақпараттар ағыны күннен-күнге жылдам әрі толассыз түрде дамып келеді. Егер Мандела эффектісінің көбеюіне бір нәрсе себеп болса, бұл әлеуметтік желілер дер едік. Өйткені адамдар көбіне желіде оқыған-

дарына сенеді және басқалармен де жалған ақпаратты көп бөліседі. Осылайша, бұрмаланған оқиға мен ақпарат тараған сайын шиеленісе түседі. Ақырында шындықтың ауылы алыстай түседі. Негізінен адамның миы «жалқау» болып келеді. Ол күрделі ақпараттардан гөрі адамның өзі жасап алған ақпаратқа бейім. Яғни, интернеттің таралуына байланысты жалған ақпаратты тарату және оны көптеген адамдардың жадына ұшықтарына шын деп енгізу оңай болып кетті. Кейіннен шынайы шындық пен ойдан құралған жалған естелікті айыру қиына соғады. Сарапшылардың пікірінше, әлеуметтік желілердің басты айырмашылығы – бұл естеліктерді кенейту мүмкіндігі. Бұрын оларды тек жақын адамдарға айтсақ, енді бүкіл әлемде бірдей қате жады бар адамдарды табуға болады.

ПАРАЛЕЛДІ ӘЛЕМДЕР КАҚТЫҒЫСЫ МА?

Конспирологиялық түсінікке жақын адамдар тобы бұл құбылысты кванттық физика арқылы түсіндіруге тырысып, «біздің әлем – матрицалық симуляция» деген ұғымның бір шындығы деп есептейді. Соның ішінде осы теорияны ойлап тапқан Фиона Брум да осы пікірді құптады. Түсіндіре келе олар мұны паралельді әлемдердің өзара қабат келуіне осындай құбылыстар пайда болады деген көзқарасын мысал етеді. Мысалы, біздің әлемімізде Нильсон Мандела 80-жылдары қайтыс болса, қосымша әлемде ол түрмеден бостандыққа шығып, ел басқарып, өз ажалынан дүниесіз салды. Ақырында екі әлемнің қабаттасуынан оқиғалардың естеліктері де екі түрлі болады. Осылайша, шынайы болған оқиға өзге әлемдегі оқиғаман ұштап, адамдардың жадында өзгеше естеліктер тудырады. Яғни, бұл құбылысты паралельді әлемдердің арасындағы порталдардың ашылу салдарынан деп есептейді.

Физик ғалымы Мичио Каку өзінің сұхбатында паралельді әлем туралы түсінігін былайша түсіндіреді. «Радионы ойлап қараңызшы. Егер сіз өзіңіздің қонақ бөлмесінде BBC радиосын тындап отырсаңыз, ол радио бір жиілікте реттелген. Бірақ сіздің қонақ бөлмесінде барлық жиілік бар. Куба радиосы, Мәскеу радиосы, Топ-40 рок стансалары. Барлық осы радиожіліктер сіздің бөлмесіңізде тербеліп тұрады, бірақ сіз тек бір стансаның ғана ақпаратын тындап отырсыз» дейді ол мысалында. «Адамдар да – «толқындар дірілі», кейде біз де радио секілді келесі бір «стансаға» секіріп кетуіміз мүмкін» деп түйіндейді ол ойын.

ТҮЙІН:

Иә, әлемде қайшылыққа толы пікірлер өте көп. Кинопродюсер Роберт Эванс «Әр оқиғаның үш жағы бар: сенің жағың, менің жағым және шындық» деген екен. Сол секілді бұл құбылыс та кейде біздің өз санамыздағы естеліктерге де аса қатты сенуге болмайтындығын түсіндіреді. Ал сіз өз санамыздағы естеліктерге сенесіз бе?!

Премьер-Министр Әлихан Смайылов Маңғыстау облысына жұмыс сапарымен барып, «Каспий» су тұщыту зауытын жаңғырту және МЭК-тің алдағы жылыту маусымына дайындық жұмыстарымен танысты. Премьер-Министрге «МЭК» ЖШС бас директоры Жасұлан Сүйіншалиев кәсіпорынның қазіргі дайындығы және оны одан әрі жаңғырту жоспары туралы баяндап берді.

МЭК – біртұтас энергетикалық және су өндіруші кешен. Оның негізгі міндеті – Маңғыстау және Атырау (ішінара) облыстарын электр энергиясымен, ауызсумен, ыстық және техникалық сумен қамтамасыз ету. Мекемедегі төтенше жағдайларға тап кылып отырған жағдай – негізгі құрал-жабдықтардың тозуы, ол 80%-дан асып кетіп отыр. Биыл кәсіпорынның өз қаражаты есебінен турбоагрегаттарға, қазандық агрегаттарына және қосалқы жабдықтарға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Өзден тозығы жеткен құрылғыларды ауыстыру үшін Маңғыстау облысы әкімдігінің резервінен 2,6 млрд тенге бөлінді. Сонымен қатар Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша, жаңа жабдықтар мен қосалқы бөлшектер сатып алуға Үкіметтің резервінен тағы



4,9 млрд тенге бөлінді. Қазір жабдықтарды жеткізушілермен келісімшарттар жасалды, олар осы жылдың қараша-желтоқсан айларында жеткізіледі.

Әлихан Смайыловқа ЖЭО жабдығының едәуір тозуына байланысты 2024 жылы №3 энергоблоқты ішінара жаңғырту арқылы күрделі жөндеу жұмыстары жоспарланғаны туралы айтылды. Сондай-ақ 2025 жылы №2 энергоблоқты толық жаңғырту арқылы күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған. Жылу электр орталығының бас ғимаратындағы аяқталмаған құрылыс алаңында №4 энергоблок салу жоспарланып отыр. Құрылыс алаңына барлық қажетті инженерлік коммуникация тартылған. Іске асыру мерзімі – 2027 жылдың 4-тоқсаны. Жалпы, қолданыстағы энергоблоктарды жаңғырту және жаналарын салу есебінен генерация тұтастай алғанда 420 МВт-қа артады деп күтілуде. Бұл ретте екі су жылыту қазандығының құрылысы мен 1-ЖЭО-дегі №7 қазандық агрегатын, сондай-ақ №10 қазандық агрегатын жаңғырту және 2-ЖЭО-дағы №7 турбоагрегатты конденсаторлық турбинаға ауыстыра отырып қайта жаңарту сынды жобалар бойынша қазір техникалық құжаттар дайындалып, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Бүгінде жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша конкурстық рәсімдер жүргізіліп жатыр.

Премьер-Министр апатты жағдайдағы жабдықты ауыстыру комбинаттың техникалық жағдайын жақсартып, жұмыс қабілетін арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Яғни, генерациялық қуат көздерінің өшіп қалуы және тұтынушылар үшін шектеулерді енгізу сияқты тәуекелдер барынша азаяды. «Облыс әкімдігі жөндеу жұмыстарының уақытылы аяқталуын бақылауды қамтамасыз етуі қажет», – деді ол.

Бұдан әрі Үкімет басшысына «Каспий» су тұщыту зауыты» ЖШС директоры Нұрлыбай Аққұлов зауыт өнімділігін тәулігіне 40 мың текше



МАҢҒЫСТАУ Өңірінде ТУРИЗМ ТҮЛЕЙДІ

метрге жеткізу жұмыстары туралы мәлімет берді. Нысанды жаңғыртуға мемлекеттік бюджеттен 12 млрд тенгеден астам, ал Үкімет резервінен – қосымша 5 млрд тенгеден астам қаржы бөлініп, қазір жоба бойынша құрылыс жұмыстары 90%-ға орындалды. Сондай-ақ зауытта жаңа сорғы қондырғылары, суды алдын ала тазарту сүзгілері, суды минералдандыруға арналған сүзгі-кондиционерлер, араластыру камералары, электр желілері мен трансформаторлық қосалқы стансалар орнатылған.

Әлихан Смайылов Мұнайлы және Қаракия аудандарының елді мекендері үшін ауызсудың негізгі көзі дәл осы

жұмысымен танысты. Жаңа нысан жақын арада өзінің алғашқы оқушыларын қабылдайды.

Ол облыс орталығында, сондай-ақ жақын маңдағы Мұнайлы және Түпқараған аудандарында тұратын 5 000-нан астам баланы тегін қосымша біліммен қамтуға мүмкіндік береді. Мұнда көркем, ғылыми-техникалық және жалпы гуманитарлық бағыттағы үйірмелер, сондай-ақ спорт секциялары жұмыс істейтін болады. Оқушылар сарайында хор, оркестр және музыкалық аспаптарда ойнауды үйрететін жеке сабақтар қарастырылған, хореографиялық студия, авиамодельдеу бөлмелері, компьютерлік сынып, әмбебап спорт залы, спорттық жүзу бойынша жаттығу бассейндері, йога және аэробика залдары бар.

Сонымен қатар ғимаратта дизайн және бейнелеу өнері студиясы, колөнер және материалдарды көркем өңдеу шеберханалары, әдеби-драма студиясы, кітапхана, коуркинг-кеңістік және IT технологиялар зертханасы бар. Оқушылар арасында шахматты кеңінен насихаттау мақсатында гроссмейстер, шахматтан әлем және Азия чемпионы Бибісара Асаубаеваның шахмат шеберлігі мектебі ашылады.

Премьер-Министр Мемлекет басшысы өзінің сайлауалды бағдарламасында балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін көтеру үшін кемінде 100 ірі нысан салуды тапсырғанын еске салды. Оқушылар сарайы – солардың бірі. «Оқушылар сарайының ашылуы ай сайын 5 000-нан астам

ниетіміз бен дәстүрлерімізді насихаттауға үлкен мән беріп отырғанын атап өтті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жуырда жариялаған халыққа Жолдауында бұл салада серпінді жобаларды іске асыруды тапсырды. «Біз «зәкірлік» жобалар іске асырылатын маңызды 10 туристік аймақты анықтадық. Олардың бірі – Каспий теңізінің жағалауы. Бұл – ерекше фаунасы, көркем жағажайлары мен ежелгі көрікті жерлері бар ерекше мекен. Біз кез келген қонақ үшін барынша қолайлы жағдай жасауға ниеттіміз. Мемлекеттің де, жеке сектордың да күш-жігері осыған бағытталған», – деді Әлихан Смайылов.

Оның айтуынша, туристік турларды ұйымдастыру және биологиялық әркелкілікті сақтау үшін инвесторлар қоршаған ортаға зиян келтірмейтін жаңа нысандар мен жобалар жасауға белсенді түрде тартылып отыр. «Мұндай күш-жігердің жарқын мысалы – Іле-Алатауы, Шарын және Алтын-Емел сияқты орындарда визит-орталықтары мен эко-қонақүйлердің пайда болуы. Экологиялық тұрақтылық негіздерін басшылыққа ала отырып, біз туристердің санынан гөрі олардың саяхатының сапасын арттыруға көшу жолында жұмыс істеп жатырмыз», – деп атап өтті Үкімет басшысы.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, Қазақстан халықаралық туристік нарықта бәсекеге түсе алатын бірегей турларды ұсына алады. Мәселен, Ұлы Жібек жолы мен Каспий теңізі бойынша

мемлекеттердің саны 80-ге дейін артқанын еске салды. Сонымен қатар халықаралық әуеқатынасының географиясы кеңейіп келеді. «Былтырдан бері мемлекеттік қолдау шаралары бойынша туризм нысандарын салу, тау шаңғысы курорттарын дамыту және туристік автобустар сатып алу жобалары қамтылды. Шетелдік туристерді тарту үшін мемлекет туроператорларға да субсидия берілді. Сондай-ақ ел ішінде саяхаттайтын Қазақстан азаматтары үшін балалардың әуебилеттері субсидияланады», – деді Әлихан Смайылов. Оның айтуынша, соңғы үш жылда салаға \$4 млрд көлемінде инвестиция тартылып, 400-ден астам туристік нысан салынған. Республикада Hilton, Marriott, Wyndham, Accor және т.б. сияқты 20-дан астам танымал халықаралық қонақүй желілері есігін айқара ашты. «Біз шетелдік және отандық инвесторларды Қазақстанның туризм саласын ел Үкіметінің қолдауымен ұзақмерзімді инвестиция салу мүмкіндігі ретінде қарастыруға шақырамыз», – деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Үкімет басшысы отандық туризмнің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру аясында Қазақстанның шетелдегі имиджін көтеру бойынша ведомстволық үйлестіру жұмыстарын күшейту маңызды екенін атап өтті. Осыған байланысты елдің туристік брендині әзірлеп, халықаралық ақпарат кеңістігіндегі танымал ету жұмыстарын күшейту керек. «Визалық және көші-қон режимін одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау, виза алу рәсімдері мен әуежайларда бақылаудан өтуді де жеңілдету қажет», – деді Премьер-Министр.

Инвестициялық белсенділікті арттыру үшін туризм жобаларына жеңілдікпен несие беру мерзімдерін ұзартуды пысықтау және туризм нысандарына инфрақұрылым жүргізу бойынша мемлекеттік қолдау шараларын күшейту талап етіледі. «Түрлі туристік бағытты инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үлкен маңызға ие екенін көріп отырмыз. Бұл мәселені кәсіпкерлер де ұдайы көтеріп келеді», – деді Үкімет басшысы.

БІЗ ҚОЛДАУДЫҢ БАРЛЫҚ ТҮРІН АРТТЫРУҒА НИЕТТІМІЗ

Үкімет басшысы Әлихан Смайылов жол бойындағы сервистік нысандарды пайдалану сапасы мәселелерін шешіп, агротуризмді дамыту шараларын әзірлеу қажеттігін де айтты.

«Ауыл тұрғындары, шаруалар мен бағбандар өз шаруашылықтарында туристерді қабылдау арқылы қосымша табыс таба алады. Ол үшін біз зәңнамаға тиісті өзгерістер енгізіміз керек. Community based tourism – әлемдік тренд, одан қалыс қалмау керек», – деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министр Туризм және спорт индустриясын қолдау корпоративтік қорының мәселелерін оған спорт саласының ғана емес, туризм саласының да жобаларын қаржыландыру құқығын бере отырып шешу маңызды екенін атап өтті. Әлихан Смайылов саланың даму әлеуеті зор екенін және қосымша жұмыспен қамтып, азаматтардың табысын арттыра алатынын айтты.

«Сервис пен қызметтердің сапасын арттыру аясында саланы цифрландыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Туристердің, әсіресе олардың таулы жерлердегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдау маңызды. Одан бөлек, қонақүйлерді классификациялау жүйесін реформалау және стандарттарды халықаралық деңгейге дейін көтеру бойынша жұмысты бастау қажет», – деді Әлихан Смайылов.

Сөз соңында Премьер-Министр форумға қатысушыларды келесі жылы еліміздің бас қаласында өтетін дүниежүзілік көшпенділер ойынына қатысуға шақырды. «Бұл ауқымды іс-шарада қонақтар көшпелі халықтардың ерекше мәдениетімен танысып, бірегей ойынға куә болатынына сенімдімін», – деді Үкімет басшысы.

Форум қорытындысы бойынша туризм саласындағы қазақстандық және шетелдік компаниялар өзара ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды.

Сағындық РЗАХМЕТОВ,
Маңғыстау облысы



адамды сумен қамтамасыз етеді. «Халықтың жыл сайынғы өсімін, сондай-ақ Каспий теңізінің жағалауында туристік кластердің дамуын ескере отырып, ауызсу өндірісін ұлғайту мәселесі аса өзекті. Осыған байланысты Президент «Каспий» су тұщыту зауытын тәулігіне 40 мың текше метрге дейін кеңейту жобасын іске асыруды тапсырды. Үкімет тарапынан қажетті қаржылық қолдау көрсетілді. Облыс әкімдігіне осы жобаны жыл соңына дейін аяқтау қажеттігін тағы да еске саламын, жаңа жылдан бастап халық сумен қажетті көлемде қамтамасыз етілуі тиіс», – деді Премьер-Министр.

ЖАҢА ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНА 5 МЫҢ БАЛА БАРАДЫ

Өлкеге жұмыс сапарымен барған Премьер-Министр Әлихан Смайылов Ақтау қаласының 17-шағынауданында салынған жаңа Оқушылар сарайының

баланың үйірмелер мен секцияларға тегін баруына мүмкіндік береді. Сонымен қатар 165 маман жұмысқа орналасады», – деді Әлихан Смайылов.

ОТАНДЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ

Премьер-Министр Әлихан Смайылов Ақтауда Қазақстанның және әлемнің басқа да елдерінің 300-ден астам туристік бизнес өкілінің қатысуымен өткен Туризмді дамыту жөніндегі халықаралық форумда сөз сөйледі. Іс-шараға ШЫҰ елдерінің министрлері, халықаралық қонақүйлер, ірі қазақстандық және шетелдік туроператорлар, әуекомпаниялар желілерінің басшылары, сондай-ақ инвесторлар, халықаралық сарапшылар, дипломатиялық корпус және мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Премьер-Министр өз сөзінде мемлекеттің туризмді дамытуға, төл мәде-

кешенді саяхаттар, Байқоңыр мен Бурабай, сондай-ақ Алматыдағы «4 маусым» туры сияқты жерлерге бару туристердің арасында қызығушылық тудырып отыр.

Премьер-Министр бүгінде Қазақстанда азаматтары визасыз жүре алатын





ҚАСІРЕТТІ

СУРЕТПЕН СӨЙЛЕТКЕН

— Көріпбек Күйіковты білмейтін жан кемде-кем шығар. Суретші осыдан 32 жыл бұрын Семей полигонының жабылуына атсалысқан азаматтардың бірі, қажырлы да қайратты ағамыз қашанда халық қамын, елдің ертеңін ойлап жүреді. Танымал суретшінің туындылары тек Қазақстанда ғана емес, шетелдік өнерсүйер қауымның жеке коллекцияларында бар. Жапония, Германия, АҚШ, Қытай, Түркия және тағы да басқа елдердің өнерсүйер азаматтары суретшінің шығармаларын сатып алған, — дейді жақында суретшінің көрмесін ұйымдастырған Қарағанды облыстық Бейнелеу өнер музейі басшысының орынбасары Мейрамгүл Елубаева.

Көріпбек Телтайұлы — кәсіби суретші емес, бірақ табиғат ананың сыйлаған дарынының арқасында бүгінгі күнде шығармалары әлемге әйгілі. Ресейден бухгалтерлік оқуды бітіріп келгеннен кейін әрі қарай немен шұғылданатыны белгісіз еді, арнайы білімі болмағандықтан суретші болып та жұмыс жасай алмайтынын білді.



Суретімен әлемді шарлаған, туындыларын көрген адам тарих тұңғығына шарлап қана қоймай, Кеңес заманындағы адамзатқа қауіп төндірген, жылдар бойы қасіретін тартып келе жатқан Семей полигонының зардабын шеккен біртуар азамат туралы айтпақпыз. Ол — Халықаралық антиядролық қозғалыстың белсенді мүшесі, «АТОМ» жобасының құрметті елшісі, «Құрмет» орденінің иегері, «Аманат» қоғамдық сыйлығының лауреаты, қоғам қайраткері, 2023 жылғы Қарағанды облысы әкімінің «Жылдың үздік суретшісі» құрметті атағының иегері, Қарқаралы қаласының «Құрметті азаматы», жақында 55 жасқа толған әлемге әйгілі суретші Көріпбек Күйіков.

— Дегенмен қолымнан тек сурет салу ғана келеді, алайда бұл салада кәсіби білімім жоқ. Сондықтан арнайы сабақтарға барып, кітапханаларға барып сурет саласында одан әрі білімдімді шыңдадым. Мен әрбір туындыны жан-тәніммен сезініп, тура сол сезімдерді өз басымнан өткізіп барып саламын. Еш нәрсеге өкінбеймін, мен суретті өзім үшін саламын. Ал егер еңбегімді біреу бағалап жатса, оған шексіз қуанамын. Қазіргі кездегі жалғыз күнкөрісім осы сурет салудан тауып жатқан нәпакам, — дейді суретші.

Полигон — бұл бір отбасының ғана басына түскен қасірет емес, бүкіл адамзаттың басына төнген нәубәт десек болады. Сондықтан да суретшінің осы тақырыптағы туындылары үрей мен

корқынышқа толы, қою күрән түстермен бейнеленген. Олар — «Ананың үрейі», «Берік», «Құрбан» деп аталатын туындылар.

Көріпбек Телтайұлы «АТОМ» жобасы шеңберінде көптеген халықаралық деңгейдегі келіссөздерге, шараларға қатысқан, ядролық қарудан бас тарту тақырыбына арналған көптеген көрмелер өткізген, осы тақырыпта суретшінің бірнеше туындысы бар. Ол кісі әрдайым теріс мақсатта қолданылатын атомдық, химиялық және биологиялық қарулардың зиянды екенін, оған ешқашан жол бермеуіміз керектігін әр кездесуінде айтады. Себебі осындай сынақтардың зардабын әлі де тартуда, жарылыстың құрбаны болған әр отбасында мүгедек балалар дүниеге келді, қаншама отбасы қасірет шекті, қайғыдан қан жұтты. Суретшінің айтуы бойынша, сол маңайдағы тұрғындардың денсаулығына қаншама зиян келді, қаншама сәби дүние есігін ашпастан шетінеп жатты. Осының бәрін естіп, көзімен көрген ол үшін бұл ауыр болды. Семей өңірінде дүниеге келген жастардың өз өздеріне қол жұмсап қайтыс болып жатқандарын да естідік, әрине бұл — үлкен қасірет.

— Картиналарым — менің жан дүниемнің, көңіл күйімнің көрінісі. Осындай тақырыптағы суреттерім қараңғы, күрең тартқан түсте шығады. Полигон құрбандарына арналған суреттерімде трагедия, қасірет пен күйініш басым.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ

«Минералды және синтетикалық майлардың үлгілерін іріктеу және тестілеу» қызметтерін қайта сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру
«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Минералды және синтетикалық майлардың үлгілерін іріктеу және тестілеу» қызметтерін қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды.
Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-76 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке услуг «Отбор и тестирование образцов минеральных и синтетических масел»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает повторный открытый тендер по закупке услуг «Отбор и тестирование образцов минеральных и синтетических масел» - несостоявшимся.
Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

Ашық тендер амалымен «Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері» қызметін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері» қызметін сатып алу бойынша ашық тендер өткізілетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 12, жалпы сомасы 97 748 778,24 тенге, ҚКС-сыз).
Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 09 қазанда, сағ. 10:00-ге дейін.
Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 09 қазанда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

«Өндірістік мониторинг» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Өндірістік мониторинг» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты «Өндірістік мониторинг» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендердің өткізілетіндігі туралы жарияланады жариялайды (Лот саны — 16, жалпы сомасы 78 375 000,00 тенге, ҚКС-сыз).

Сатып алынатын қызметтерін тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 02 қазанда, сағ. 10:00-ге дейін.
Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 02 қазанда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

«СКС-6-дағы ОТА үшін құрғақ газ тығыздауышын (КГТ) сатып алу» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «СКС-6-дағы ОТА үшін құрғақ газ тығыздауышын (КГТ) сатып алу» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-76 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах открытого тендера по закупке товаров «Приобретение сухого газового уплотнения (СГУ) для ЦБН на СКС-6»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает открытый тендер по закупке товаров «Приобретение сухого газового уплотнения (СГУ) для ЦБН на СКС-6» - несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

Объявление о проведении закупки услуг «Обслуживание профессиональными аварияно - спасательными службами» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Обслуживание профессиональными аварияно - спасательными службами». (Количество лотов — 12, на общую сумму 97 748 778,24 тенге без учета НДС).

Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 09 октября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 09 октября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную

Объявление о результатах повторного открытого тендера, и проведении закупки услуги «Производственный мониторинг» способом повторного открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке услуги «Производственный мониторинг» несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, объявляется повторный открытый тендер по закупке услуги «Производственный мониторинг» (Количество лотов — 16, на общую сумму 78 375 000,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 02 октября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 02 октября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.



Елнәр КАБА (қолжазба)

ҰЛЫТАУҒА КӨШ КЕЛЕДІ...

Жаңадан шаңырақ көтеру, уығын тіктеп, босағасын бекітудің оңайға түспейтіні қашаннан белгілі. Ұлытау облысы да осындай қиыншылықты бастан өткеріп жатқаны анық. Қордаланған мәселелер әп-сәтте шешімін таба қоя ма?

Облыстағы өзекті мәселелердің бірі — халық санының аздығы. Сондықтан облыс басшылығы бұл бағытта да әртүрлі жолды қарастырып жатыр. 2021 жылы елімізде «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйверлері» ұлттық жобасы қабылданған еді. Бұл жобаның мақсаты — ел халқының негізгі қызметтерге теңдей қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдай мен көлік байланысын жақсарту. Осы жоба аясында Ұлытау облысында аймаққа оңтүстік өңірлерден отбасыларын көшіру қолға алына бастады. Қазірдің өзінде Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарынан 7 отбасы облысқа көшіп келіп, қоныстанып та үлгерді. Солардың бірі — Сағындық Досанов. Ол Қызылорда облысынан көшіп келді.

— Сыр мен Қыр ежелден қоңсылас жатқан елміз. Біздің жаққа ұлытаулық азаматтар барып, өз ұсыныстарын білдірді. Өңгімелестік, жай-жапсарын түсіндік. Сосын «тәуекел түбі — желқайық» делім де, анамды, әйелімді, бес баламды алып Ұлытау ауданына келіп қоныстан-

дым. Жергілікті халық жылы қабылдады. «Елге ел қосылса — құт» деген байырғы жолмен бірнеше үй ерулікке шақырып, бірден-ақ тонның ішкі бауындай жақындасып кеттік. Менің мамандығым дәнекерлеуші болғанына қарамастан, ұлттық саябаққа инспектор болып орналастым. Келіншегім Айша облыс әкімінің жас кәсіпкерлерді қолдауға арналған 1 млн 380 мың теңгелік грантын ұтып алды. Бұған 6 бас сиыр сатып алдық. Шаруамызды дөңгелете бастадық, — дейді ол.

Көшіп келген кезде Сағындықтың отбасының сегіз мүшесінің әрқайсысына 241 мың теңгеден біржолғы қаржылай көмек көрсетіліпті және ай сайын 72 мың теңге пәтеракыға төленіп тұрған екен. Әрине, бұл дегеніміз — жаңадан қоныс аударып барған отбасы үшін ауқымды көмек.

— Қазір балаларымыздың үлкені мектепке барды. Әкімдік 4 бөлмелі пәтер кілтін табыстады. Бұдан артық не керек?! Ендігі міндет — еңбек ету. Басқа еш проблема жоқ, — деген Сағындық Досанов Сыр бойындағы жерлерінің тиімді бағдарламаны пайдаланып, ұлт ұясы Ұлытауға қоныс аударуға шақырады.

Көшіп келемін деушілерге қандай көмек көрсетіледі? Біріншіден, отбасы басшысына және отбасының әрбір мүшесіне біржолғы 70 АЕК мөлшерінде, (қазір бұл — 241 500 теңге) көмек беріледі. Екіншіден, көшіп келген отбасы егер

бірден өз пәтеріне қол жеткізе алмаса, 12 ай ішінде тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша 15-21 АЕК арасында, яғни 51 750 — 72 450 теңге мөлшерінде, шығыстарды жабуға бағытталған материалдық көмек алады. Нақты жағдайда көшіп келушілер көп ұзамай өз пәтерлеріне ие болуға. Үшіншіден, қоныс аударған әрбір отбасына экономикалық ұтқырлық сертификаты ұсынылады, яғни тұрғын үй сатып алу, салу немесе тұрғын үй сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарна үшін ақшалай төлем түрінде 4 млн теңгеге дейінгі материалдық көмек көрсетіледі.

Ең бастысы, көшіп келген жұмысқа жарамды азаматтардың бәрі жұмысқа орналасады. Тіпті, мамандығына сәйкес жұмыс табыла қоймаса да, басқаша жолдары қарастырылады. Бұған жоғарыдағы Сағындық Досанов дәлел бола алады. Мектеп, балабақшамен қамту туралы сөз болуы тіпті де мүмкін емес.

Жақсы мүмкіндікті пайдаланып қалуға ұмылған жөн. Ата-бабамыз кезінде Ұлытауға жетуді, соны бір көруді армандаған. Енді, міне жаңа заманның, қазіргі уақыттың самалына сәйкес Ұлытау көшіп келушілерге құшағын айқара ашып отыр.

Майлыбай КЕТЕ,
Ұлытау облысы

ОРМАН АЛҚАБЫН ӨРТТЕН ҚОРҒАЙМЫЗ

Батыс Қазақстан облысы орманшылары мен төтеншеліктер бірлесіп орман және дала өртінің алдын алуға арналған оқу-жаттығу жұмыстарын өткізді. Оқу-жаттығуға облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің жеке құрамы мен орман шаруашылығы саласының қызметкерлері қатысты.



Биылғы жаздың ыстық болғаны орман алқабына кәдімгідей қауіп төндірді. Аптап ыстықтан дала өрті көбейіп, төтеншеліктер бірнеше рет атқа қонғаны есімізде. Әсіресе, Сырым, Теректі, Таскала, Қазталов аудандарындағы дала өртінен сөндірумен төтеншеліктер күндіз-түні айналысты.

— Биыл 14 табиғи өрт тіркелді. Соның жетеуі орман өрті. Биылғы ауа райының құбылмалы болуы дала өртінен сөндіруде қиындық туғызды. Бірақ біз бар күш-жігерімізді салып, орман алқаптары мен елді мекендерді өрттен сақтап қала алдық, — дейді БҚО Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Ернұр Өтегенов.

Бұл оқу-жаттығу жұмыстарына 131 адам, 38 техника, бір тікұшақ, екі жүзу қайығы тартылып отыр. Мұндай оқу-жаттығу жұмыстары өрт сөндірушілер мен орманшылардың ширақтығы мен кәсібилігін шыңдау үшін ұйымдастырылады.

Департамент басшысы өрт сөндірушілердің техникалық базасы жаңартылып жатқанын да айтты.

— Биылғы жылға республикалық бюджеттен 4 автокөлік берілуде. Облыс әкімінің қолдауымен біздің өрт сөндіру бөліміне деп 7 автокөлік дайындалуда. Бұдан

бар. Осы байлықты қызыл жалыннан сақтап қалу үшін орманшылар мен өрт сөндірушілер аз тер төгіп жүрген жок.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өрт сөндірушілер мен орманшылардың техникалық базаларын күшейтуді, жалақыларын көтеруді тапсырған болатын. Бұл тапсырма аясында облыста біраз жұмыс атқарылуда.

— Президент тапсырмасына сәйкес және облыс әкімінің тікелей қолдауымен облыстық бюджеттен 1 миллиард 187 млн қаржы бөлінді. Оған біз 25 трактор, 13 автокөлік, 78 қажетті құрал алдық. Кейін облыстық бюджеттен 78 млн қаржы бөлініп, оған 420 рация және 135 аспалы су шашқыш, 6 өрт сөндіруге арналған кешенді көлік, 4 дрон алынды. БҚО бойынша өртті бақылауға арналған 8 мұнара бар. Сол сегіз мұнараға видеокамера қойылды, — деді облыстық Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Қуанышқали Исимов.

Жанар ҚАЙЫРҒОЖИНА



БҚО-да ФЕЛЬДШЕРЛІК-АКУШЕРЛІК ПУНКТ АШЫЛДЫ

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Қайнар ауылында жаңадан салынған фельдшерлік-акушерлік пункт пайдалануға берілді. Ауыл тұрғындарының қуанышына облыс әкімі Нариман Төреғалиев ортақтасты. Бұл фельдшерлік-акушерлік пункт «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынып отыр. Бұған дейін дәл осындай орталық Теректі ауданы Барбастау ауылында салынып, қолданысқа берілген еді.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы Жолдауында ауылдық жердегі денсаулық нысандарының құрылысын салуды, халықтың денсаулығын жақсартуды тапсырған болатын. Осы тапсырма аясында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы қабылданды. Жоба қазір пилоттық режимде жұмыс істеуде. Осы жоба аясында облыста 2025 жылға дейін 50 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысанын салу жоспарланып отыр.

— Бүгінде БҚО Құрылыс басқармасы 2023 жылға жоспарлаған 24 нысанның 14-і бойынша құжатты әзір. Соның ішінде 12 нысан бойынша құрылыс жұмыстары басталып кетті. Ол үшін бюджеттен 3,6 млрд қаржы бөлінді. Биылғы жылға осы 12 нысанды тапсырамыз. Оның екеуі халық игілігіне беріліп үлгерді, — деді облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ерлан Токсанов.

Қайнар ауылында ашылып отырған фельдшерлік-акушерлік пункт ішінде алғашқы медициналық көмекті көрсетуге арналған барлық қажетті құрал-жабдық қойылған. Енді ауыл тұрғындары қарапайым қан анализдерін тапсыру үшін аудан орталығына бармайтынына қуанып отыр.

Сондай-ақ биыл БҚО бойынша «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында 22 медициналық ұйым нысанына күрделі жөндеу жүргізілген. Соның ішінде 19 нысан ауылдық жерлерде орналасқан.

Медициналық нысанның ашылу салтанатында сөз сөйлеген аймақ басшысы: — Президентіміз денсаулық саласына көп көңіл бөліп отыр. Әсіресе, ауылдық жердегі халықтың денсаулығы мен әл-ауқатын көтеруді күн тәртібіне қойды. Осы ретте «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы қабылданды. Сол жоба аясында міне, сіздерге арнап фельдшерлік-акушерлік пункт салып бердік. Енді сіздер дәрігер іздеп аудан орталығына сабылмайсыздар. Бұл орталықта медициналық көмек көрсетуге арналған барлық құрал бар, — деді.

Айта кетейік, Қайнар ауылында 800-ге жуық халық тұрады.

Ж.ҚАЙЫРҒОЖИНА

ТҰРҒЫНДАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Талдықорғанның іргесіне орналасқан Ескелді ауданына қарасты Абай, Ешкіөлмес, Қарабұлақ ауылдарының бірқатар тұрғыны осыдан бірер ай бұрын болған қатты нәсерден соң таудан аққан тасқыннан зардап шеккен болатын. Үйлері мен ауаларын су басып, біразының баспанасы тұруға жарамсыз болып қалған еді.



Арнайы комиссияның су басудан келген шығынды өтеуге сараптама нәтижелері мен сметалық есептердің қорытындысына сай бюджеттен 403,5 млн теңге бөлініп, оның 216,8 млн теңгесі 22 үй сатып алуға, 186,7 млн теңгесі 83 үйге ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуге қарастырылған.

Ескелді ауданы әкімдігінің деректеріне қарағанда, жобалық-сараптамалық және сметалық ұйыммен бірлесіп, су басу салдарынан келтірілген залалды бағалау жұмыстары жүргізілген. Жалпы, ауданның ауылдық елді мекендерінде — 105 үй, соның ішінде Абай ауылында — 11, Ешкіөлмес ауылында — 28, Қарабұлақ ауылында 66 үй зардап шеккені анықталыпты. Бүлінген үйдің 22-сі бұзылады, 83-і ағымдағы және күрделі жөндеуден өткізіледі.

«Бүгінгі күні аудан әкімдігі 7 үй сатып алды, үйлері бүлінген тұрғындар осы сатып алынған баспаналарға қоныстанып жатыр, қалған 15 үйді сатып алу рәсімдері жүргізілуде. Сондай-ақ қалпына келтіру қажет деп тапқан 83 үйдің иесіне төлем жасалуда. 21 қыркүйектегі мәліметке сәйкес қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін 76 үйдің иелеріне 173,1 млн теңге төленді. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасып жатыр», — деді аудан әкімдігінен.




Сонымен қатар тасқын болған ауылдардағы көшелерді тазалау, бүлінген тұстарын қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Қыркүйек айының соңына дейін жалпы ұзындығы 12,7 шақырым болатын 7 көшеге жалпы сомасы 688,1 млн теңгеге орташа жөндеу жұмыстарын аяқтау жоспарланып отыр. Бүгінде 4 көше толығымен реттеліп, 3 көшеде жұмыстар жалғасуда.

Сондай-ақ жалпы сомасы 8,7 млн теңгеге Абай ауылындағы Бактыбай көшесі мен Ешкіөлмес ауылындағы М.Тынышбаев көшесіне жарық орнатылуда. Көшелердің жалпы ұзындығы — 3 шақырым. Бұл жұмыстар осы жылдың қыркүйек айының соңына дейін аяқталуға тиіс.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Қытайдың Ханчжоу қаласындағы Олимпиадалық спорт орталығының стадионында 19-шы Азия ойындары басталып кетті. Жарысқа құрлықтың 45 елінен 15 мыңнан астам спортшы қатысуда. Олар спорттың 40 түрінен 481 медаль үшін күреседі.



АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ БАСТАЛДЫ

Кербез ЕСІМ

Ал Қазақстан спортшылары 30 спорт түрінен 305 медальді сарапқа салады. Айта кету керек, ұлттық құрама Азия ойындарына 1994 жылдан бері қатысып келеді.

«Қазақстаннан Ханчжоуға спорттың 30 түрінен 525 спортшы аттанды. Оның 27-сі Олимпиада бағдарламасына енген, қалған үшеуі олимпиадалық емес спорт түрлері. Сондай-ақ алдағы жарыста 8 спорт түрі бойынша Париж Олимпиадасына жолдама сарапқа салынады. Олар: бокс, садақ ату, заманауи бейсбол, жүзу, брейк, допты хоккей, теннис және жеңіл атлетика. Спорттың 4 түрінен рейтингтік ұпайлар ойынына қатысады. Олар: таэквондо, дзюдо, триатлон, бадминтон», — деп хабарлады Туризм және спорт министрлігі.

КИБЕРСПОРТШЫЛАР ДА ҚАТЫСАДЫ

Бір қызығы, Қазақстанның киберспорт құрама командасы 19-шы Азия ойындарында алғаш рет ел намысын қорғайды. Азия ойындары әлемдегі ең беделді халықаралық спорттық іс-шаралардың бірі. Сондықтан қазақстандық киберспортшылар үшін бұл жауапты кезең. Ұлттық құрамадағы әр спортшы өз саласының кәсіби маманы. Қазақстан киберспорт әлеміне жаңадан аяқ басса да, жеңіс қоржынында жетістіктер аз емес. Бірнеше халықаралық ұйымдардың бағалауы бойынша біздің спортшылар көш басында келеді. Киберспорттың ерекшелігі — қатысушылар бел-



гілі бір құрылғыны қолданып, жарысқа түседі. Телефон, PlayStation немесе компьютер арқылы ойнайды. Киберспорт ұғымы 80-жылдары Америкада пайда болса, Қазақстанда 2000 жылдардың ортасында белсенді түрде дамыды. Ал 2018 жылы ресми спорт түрі ретінде танылды.

— Бытыр желтоқсан айында Бали аралында халықаралық жарыс өтті. Қазақстан Джимобай бойынша алтынмен оралды. Енді олар бізді әрбір чемпионатқа чемпион ретінде шақырады. Елімізде киберспорттың деңгейі айтарлықтай дамыған, — дейді Қазақстанның киберспорт құрамасының жаттықтырушысы Ержан Шакеев.

СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ ФИНАЛДА

Кеше жазғы Азия ойындарында бейсболдан екінші жартылай финал өтті. Қазақстан намысын Григорий Борода-Дудочкин мен Темірлан Әбдраимов

қорғады. Әбдраимов бесінші орын алды, ол 1100 ұпай (285 — жүзуден, 222 — семсерлесуден, 593 — лазер-раннан) жинады. Ал Григорий Борода-Дудочкин 1099 ұпай (292 — жүзуден, 211 — семсерлесуден, 596 — лазер-раннан) ұпаймен алтыншы орынға тұрақты. Финалға үздік 9 спортшы шықты. Айта кету керек, бұған дейін финалға қазақстандық Павел Ильяшенко мен Кирилл Стадник шыққан еді.

Ал әйелдер арасында жарысқа қатысушылар саны аз болғандықтан Анастасия Кочеткова, Елена Потапенко, Людмила Яковлева, Кристина Рябовалар иріктеусіз, бірден финалда өнер көрсетеді. Ерлер мен әйелдердің финалдары 24 қыркүйек күні өтеді. ТОП-5 енген спортшылар Олимпиада лицензияларын иеленеді. Бірақ 1 елге 1 жолдама ғана берілетінін ескерте кетіміз керек.

БОКСШЫЛАРҒА АРТЫЛҒАН ҮМІТ ҮЛКЕН

Әлемдік деңгейдегі додаларда, бірінші кезекте боксшыларға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Бұл жолғы Азия ойындарына қатысатын жеті боксшының екеуі — Олимпиада жүлдегері, үшеуі — әлем чемпионы. Сондықтан аталған спорт түріне жанкүйерлер үлкен үмітпен қарайды. Әсіресе, Әлем чемпионатында жеңіс тұ-

ғырынан көрінген Махмұт Сабырхан мен Асланбек Шымбергеновтен, Нұрбек Оралбайдан «алтын алар» деген үміт көп. Ал қыздар боксында әлем чемпионатының күміс жүлдегері Карина Ибрагимова, сондай-ақ екі дүркін әлем чемпионы Назым Қызайбай Азия ойындарында топ жаралды деген сенімдеміз.

— Спортзалда алғашқы жаттығуымызды бастап кеттік. Шәкірттеріме қарсылас болады-ау деген боксшылардың барлығын білеміз. Кезінде Данияр Елеусінов, Әбілхан Аманқұл, Тұрсынбай Құлахмет секілді мықты боксшыларымызға қарсылас болған филиппиндік Эумир Марсиал көсіпкі бокстан әуесқой боксқа қайта оралыпты. Ол бүгінде 80 кило салмақта жудырықтасады. Нұрбек Оралбайдың — басты қарсыласының бірі. Біздің құрама сары құрлық додасына өте жоғары деңгейде дайындалып келді. Бұйырса, сол жеті салмақтан берілетін 14 жолдаманың мейлінше көбіне иелік етеміз деп ойлаймын. Барлығын ринг көрсетеді. Десе де үш жолдамадан дәмеліміз, — деді бокстан ұлттық құраманың бас бапкері Мырзағали Айтжанов.

Иә, Азия ойындары Париж Олимпиадасына жолдама алудың бірден-бір жолы. Сондықтан жанкүйерлер де спортшыларымызға сәттілік тілеп, тақымын қысып отыр.

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ЗОР

Кеше елордадағы Ұлттық музейде дарынды жазушы, публицист Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына арналған «Жасын ғұмыр жазушы» атты көркемөнерден оқу кеші ұйымдастырылды. Шараға жас ақын-жазушылар, Астана қаласы әкімдігінің қызметкерлері, елорда мектептерінің оқушылары мен мұғалімдері және ЖОО студенттері, сондай-ақ арнайы қонақ ретінде жазушының қарындасы Ғалия Бөкейқызы қатысты.



Айта кету керек, жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына арналған конференция қатысушыларына жолдаған құттықтау хатында «Оралхан Бөкей — ұлт руханиятының көкжиегін кеңейтуге зор үлес қосқан біртуар тұлға. Қарымды каламгер әдебиет әлеміне алғаш қадам басқан сәттен бастап шоқтығы биік шығармаларымен оқырман қауымның ықыласына бөленді. Оның «Қайдасың, қасқа құлыным», «Қар қызы», «Ұйқым келмейді», «Атау керек» және басқа да туындылары қазақ әдебиетінің алтын қорына құнды қазына болып қосылды. Жазушының жауһар мұралары көптеген шет тіліне аударылды, пьесалары еліміздің іргелі өнер ордаларында қойылып, көрермен көзайымына айналды. «Алтайдың Кербұғысы» атанған ерекше дарын иесінің шығармашылық жолы, азаматтық ұстанымы және қайраткерлік қасиеті — жастарға әрдайым үлгі-өнеге. Оның мол әдеби мұрасы әлі талай ұрпаққа рухани азық бола беретіні сөзсіз», — деген еді.



Жазушының туған күніне арналған шаралар туған жері Шығыс Қазақстан облысындағы Катонқарағай ауданынан басталып, республика деңгейінде атап өтіліп жатыр. Алдағы уақытта да әр өңірде каламгердің тағылымды ғұмыры мен шығармашылығына арналған әдеби-мәдени жиындар жыл бойы жалғаспақ.

Бұл үшін қуанышты екенін айтқан жазушының қарындасы Ғалия Бөкейқызы: «Өйткені, Оралхан облыс көлеміндегі емес, әлемдік деңгейдегі қазақ жазушыларының бірі. Жазушының шығармаларын оқысаңыз сізді сұлу сөздермен, қаламның қарымымен, дарынымен, суреткерлігімен бірден баурап алады. Бүгінгі кештің ұйымдастырылып отырғаны жастарға көп пайдасын тигізеді. Себебі Оралхан тек суреткерлігімен ғана емес, еңбектеріндегі тағылымды ойлары, өмірден алынған мысалдары жас оқырманды тәрбиелейді деп ойлаймын», — деді.

Сонымен бірге жиында Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылығына арналған деректі фильм көрсетілді. Қатысушылар жазушының прозалық, драмалық шығармаларынан үзінділер оқып, өз өнерлерін ортаға салды.

Ұлттық музейдің ғылыми хатшысы Саялбек Гиззатовтың айтуынша, қазіргі таңда кітап оқушы жастардың қатары күн санап көбейіп келеді. Солардың қазақтың дарынды жазушыларын танығанын, шығармаларымен сусындағанын қалайтын тілге тиек еткен ол: «Оралхан Бөкей ағамызды тек әдебиетке қызығушылық танытып жүрген адам ғана емес, жалпы әр қазақ оқитын каламгерлердің бірі деп есептеймін. Бүгінгі жиынды ұйымдастырып жатқан себебіміз де осы. Өйткені кештің мақсаты — оқушыларды жазушы Оралхан Бөкейдің өмірбаянымен, шығармашылығымен таныстыру, жастардың көркем шығармаларды оқып-үйренуге ықыласы мен қызығушылығын арттыру», — деп атап өтті.

Ж.МУСІЛІМ



NUR MEDIA
медиахолдингі
AIQYN
апта

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Асқар БЕК —
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БОЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛІМІ:
8(7171) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тансырыс №4354
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
Тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
Тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдей басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар —
Бердібек ҚАБАЙ,
Наурызбек САПША